6 Құдай қосқан

7 Теңіз бен дария жыршысы

18 мамыр, сенбі 2024 жыл

# Сыр бойы

95 жыл

№75-76 (20749-20750)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ

## МАЛАЙЗИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ САПАРЫ АЯҚТАЛДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге ресми сапары аяқталған Малайзия Премьер-министрі Ануар Ибрагимді елорда әуежайынан шығарып салды деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.**

Өз кезегінде Ануар Ибрагим құрмет көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, Қасым-Жомарт Тоқаевты туған күнімен құттықтады

Айта кетейік, «Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Малайзия Премьер-министрі Ануар Ибрагимді салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өткен болатын.

Мемлекет басшысы шағын форматтағы кездесу барысында Малайзияны Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктестерінің бірі ретінде атады.

Малайзия делегациясымен кеңейтілген құрамда өткен келіссөз барысында өзара тиімді байланыстарды одан әрі нығайтуға баса мән беріліп, екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе қарастырылды.

ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

## «БАЙҚОҢЫР» КЕШЕНІ: 234 НЫСАН ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЙТАРЫЛМАҚ

**Бұл туралы Сенат депутаттарының сауалына ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің жауабында айтылғаны жөнінде кеше Қазақпарат хабарлады.**

Үкімет басшысының жауабына қарағанда, 2022 жылғы 2 желтоқсандағы «Байқоңыр» кешені бойынша үкіметаралық комиссияның 8-отырысының хаттамасын орындау аясында Ресей тарапы жалға алушылар құрамынан шығаруға ұсынылатын 234 объектінің тізбесін ұсынған. Олардың базасында 300-ге жуық жаңа жұмыс орнын құра отырып, өндірістерді ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Премьер-министрдің атап өтуінше, ғарыш саласы инвестицияларды мемлекеттік қолдау аясында басым салаға жатқызылған. Үкіметтің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №13 қаулысымен бекітілген инвестициялық жобаларды іске асыру үшін басым қызмет түрлерінің тізбесіне ғарыш аппараттарын, жүйелерін өндіру, жөндеу, техникалық қызмет көрсету сияқты қызмет түрлері жатқызылған.

Сондай-ақ бұл ретте туризмді дамыту мақсатында 2023 жылғы қыркүйекте «Байқоңыр» кешені бойынша үкіметаралық комиссияның 9-отырысында берілген тапсырмаларды іске асыру үшін тараптар оның базасында ғарыш техникасының үлгілері мен макеттерін орналастыра отырып, музей кешенін құру үшін «Гагаринский старт» 1-ші және 2-ші алаңын одан әрі пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлейді. «Зенит-М» ғарыштық зымыран кешені нысандарының туристік тартымдылығын жақсарту үшін тур бағдарламасы әзірленген. Зымыран қозғалтқыштары, «Союз-5» зымыранының макеті, киіз үй орнатылып «Этноауыл» экспозициясы және тағы басқалары жасалған. Мұнан өзге «Байқоңыр» кешенінің «Крайний» әуеайлағының әуе кеңістігін пайдалану және кешенде тұрақты әуе қатынасын қалыптастыру мақсатында Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасында мемлекеттік органдар мен аккредиттелген ұйымдардың келісімінде тұрған Келісімнің жобасы әзірленген көрінеді.

ТАРАЗЫ

## ТАБИҒИ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУ немесе Оңтүстіктен Солтүстікке көшудің тиімділігі қандай?

**Еліміздегі еңбек күшін реттеу үшін Оңтүстіктен Солтүстікке қоныс аудару бағдарламасының жүзеге асып жатқанына да бірнеше жыл болды. Ол қандай нәтиже берді? Демографиялық тепе-теңдікті ұстап тұруға септігі бар ма? Жалпы еңбек нарығын реттеуде тиімділігін көрсете алды ма?**

2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағыты «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру» аясында жұмыс күші көп өңірлерден жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге осы уақыт аралығында солтүстікке 735 отбасы (құрамында 1977 адам) қоныс аударған.

2022 жылдан бері жаңадан «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы іске асырылуда. Жоба аясында алдыңғы жылы өңірден 187 отбасы, ал былтыр 127 отбасы қоныс аударды. Айталық, өткен жылы Қостанай облысына 39, Солтүстік Қазақстанға 41, Павлодарға 32, Шығыс Қазақстанға 10, Ұлытауға 2, Абай облысына 3 отбасы көшіп барды. Бұл отбасылардың құрамында 460 адам бар. Демек осынша адам Солтүстікке көшіп барып, жобаның игілігін көруде деген сөз. Қазір 162 адам тұрақты жұмысқа орналасып, 9-ы кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар 123 отбасыға материалдық көмек көрсетіліп, 23 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Биыл Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Абай, Ұлытау өңірлеріне ерікті түрде қоныс аударған 1595 отбасының мүшесіне 6100 квота белгіленген. Осыған орай облысқа аталған өңірлерден мамандар келіп, жұмысқа шақырды. Әсіресе, ғылым, білім беру саласына сұраныс жоғары. Одан кейін сервистік, техникалық қызмет көрсету, өндіріс, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, жеңіл және жүк көлігімен тасымалдау, мәдениет, спорт, әлеуметтік, қоғамдық тамақтану саласына да сұраныс көп. Солтүстік өңірлерге ауыл, орман және балық шаруашылығының мамандары, электрик, телекоммуникация қызметінің мамандары да қажет.

Солтүстік Қазақстан облысы «Еңбек мобильділігі» орталығының директоры Аман Төрегелдиннің айтуынша, медицина саласының мамандары жетіспейді.

– Биыл облысқа 2700 адамды орналастыруға және оларды тұрғын үймен қамтып, жұмыс тауып беруге мүмкіндіктер қаралған. Одан басқа да салаларда жұмыс орындары бар. Әрине, көкейлеріңізде «Солтүстіктен неге кетіп жатыр?» деген сауал тұрған болар. Өздеріңізге белгілі, бізде халықтың 70 пайыздан астамы – өзге ұлт өкілдері. Олар басқа елдерге көшіп жатыр. Сонымен бірге Астана, Көкшетау секілді мегаполиске қоныс аударып жатқандар жетерлік. Бізде бос жұмыс орны көп. Жеке кәсіпкерлікпен айналысуға да мүмкіндік бар. Сіздерде керісінше халық саны көп. Мәселен, бір грантқа 20-30 адамнан келетін болса, бізде 1 орынға 2 адам болса, екеуі де грантқа ие болады, – деді.

Солтүстіктегі тағы бір мәселе – қазақ мектептерінің жабылып қалу қаупі. Сондықтан мейлінше ол жаққа көпбалалы отбасылардың барғаны қажет. Жасыратыны жоқ, кейінгі уақытта бала санын алға тартып, алақан жайып көмек сұраушы қатары артуда. «Аш адамға балық берме, қармақ бер» деген нақыл осындайда еске түседі. Егер осы жоба аясында көпбалалы отбасыларды қоныстандырып, жұмысқа орналастырса, бірнеше мәселе шешілмек.

4-бет

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» – ЖАРҚЫН БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖОЛАШАРЫ

**«Ауыл аманаты» – жүзеге асырыла бастағалы өзінің тиімділігін көрсетіп келе жатқан жоба. Бүгінде республика бойынша 80 млрд теңгеге жуық қаржыға жылдық 2,5 пайызбен 12,7 мың несие берілді.**

Ауылды дамыту мәселелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше бақылауында. Осы орайда «AMANAT» партиясы әзірлеген «Ауыл аманаты» жобасы қоғамда кеңінен қолдау тапты. Жоба – ауыл дамуының жаңа драйвері. Оның аясында 2029 жылға қарай барлығы 1 миллион ауыл тұрғынын қамтып, 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Бағдарламаны жүзеге асыруға 2024 жылы 100 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

3-бет

МӘМІЛЕ

## АРАЛДА УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

**Аймақтағы білім беру саласы тағы бір белеске шықты. Енді Арал қаласында Қызылорда ашық университетінің оқу орталығы жұмыс істейтін болады. Мұнда тұрғындардың жоғары білім алуына толық жағдай жасалып, ауданнан шықпай-ақ диплом иеленуіне мүмкіндік қарастырылмақ. Аталған бастаманы жүзеге асыру үшін Арал ауданы әкімдігі, облыстық білім басқармасы және Қызылорда ашық университеті өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойды.**

Бұрын аралдық ағайын жоғары білімді өзге облыстан іздейтін. Әсіресе, Ақтөбені бетке алып, кейін сол жақта тұрақтағандар көп. Бұл өңірдегі еңбек нарығына, экономикалық көрсеткішке айтарлықтай әсер етті десек, артық емес. Сондықтан мектеп түлектерін туған жерде білім алуға үндейтін жоба кезек күттіргені бар. Міне, оның шешімі табылып, шалғай ауданға материалдық-техникалық базасы қалыптасқан университеттің оқу орталығын ашу бастамасы өмірге келді.

3-бет

## СУРЕТШІЛЕР СИМПОЗИУМЫ

**Кеше С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «Қылқаламда мәңгілік ел бейнесі» атауымен суретшілердің халықаралық симпозиумы ашылды.**

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы, С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы бастамашы болған салтанатты шараға облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов қатысып, симпозиум жұмысына сәттілік тіледі.

8-бет

## ҚЫЗЫЛОРДАДАН АЛАКӨЛГЕ ПОЙЫЗ ЖҮРЕ МЕ?

**Биыл жаз айларында Қазақстан теміржолы курорттық аймақтарға 4,2 миллионнан аса адамды тасымалдауды межеге алып отыр. Tengritravel.kz тілшісі компанияның баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлауынша Алакөл көліне бағыт алатын пойыздар қатарында биыл алғаш рет Қызылордадан танымал туристік орынға пойыз қатынамақ.**

«Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздары 10 бағыт бойынша, ал жеке тасымалдаушылардың пойыздары екі бағыт бойынша қатынайды. Ұлттық тасымалдаушы өз пойыздарын ең алдымен ауа баптау жүйесімен жабдықталған вагондардан құратыны айтылған. Бұл туралы компания басшылығының Алматыда өткен Алакөл көлі бағытында жазғы тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері бойынша туристік операторлар және демалыс базаларының иелерімен кездесуінде белгілі болған.

Алакөл бағытындағы пойыздар танымал туристік станциялар – «Жалаңашкөл», «Ақши» және «Бескөлге» тоқтайды.

Ал баспасөз қызметі «Қызылорда-Алакөл» бағыты бойынша нақтырақ мәліметтер кейінірек берілетінін хабарлаған.




Валюта бағамы $ 443,44 kzt € 480,51 kzt ₽ 4,88 kzt

Ауа райы +22⁰ +24⁰ +17⁰ +19⁰

МЕРЕЙ

# ӘБДІХАН КӨБЕЕВ – 90 ЖАСТА

**Байланыс қызметкерлері күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев байланыс саласының ардагері Әбдіхан Көбеевті 90 жас мерейтойымен және кәсіби мерекесімен құттықтады. Іс-шараға ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, Әбдіхан Жұмахметұлының әріптестері қатысты. Аймақ басшысы байланыс саласының мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызды стратегиялық рөлін атап өтіп, мерейтой иесіне ізгі тілегін жеткізді.**

– Сыр өңірінде адал еңбек, маңдай терімен халықтың құрметіне бөленген жандар жетерлік. Парасат биігіндегі ардақты азаматтарымыздың арқасында әрдайым бекем бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеміз. Саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген өздеріңіздей азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық.

Бүгін Байланыс қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында осы саланың дамуына ерекше еңбегі сіңген ардагер, «Құрмет» орденінің иегері Көбеев Әбдіхан Жұмахметұлының мерейлі 90 жас қуанышына орай жиналудамыз. Аймақтағы байланыс саласының қарқынды дамуына үлес қосқан, байланысшылардың бірнеше толқынын тәрбиелеген ұстаз ретінде сізге алғысымыз шексіз. Тілеулес азаматтардың, ақ адал ниетті жерлестеріңіздің атынан сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! – деді облыс әкімі.

Іс-шарада мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Әбдіхан Көбеевті құқық қорғау саласының ардагері Нұрахмет Ералиев, Қызылорда облысының Құрметті азаматтары Биғали Қаюпов, Айтбай Көшербаев құттықтады.

Әбдіхан Жұмахметұлы 1934 жылдың мамыр айында Арал қаласында дүниеге келген. 1953 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия политехникалық институтының «Таукен» факультетіне, 1956 жылы Қазақстан, Орта Азия республикаларының байланыс саласына маман даярлау үшін арнайы ашылған электротехникалық байланыс институтына оқуға түсіп, үздік бітірген. Мемлекеттік комиссия жолдамасымен еңбек жолын 1960 жылы Қызылорда байланыс басқармасында инженер болып бастаған. 1961-1970 жылдары Арал аудандық байланыс қызметінің, 1970-1979 жылдары Қызылорда қаласының біріккен байланыс кеңсесінің бастығы болған.

Әбдіхан Жұмахметұлы аудан, облыс, республикада өз саласына байланысты ұсыныстарды, атап айтқанда, автоматты телефон стансасын Қызылорда облысында бірінші кезекте салу туралы мәселе көтерген. Негізделген дәлелдердің арқасында облыстағы бірінші АТС-ты Арал қаласында салу жөнінде шешім қабылданып, 1966 жылы жаңа станса іске қосылған. Сонымен бірге облыс аудандарының ішінде бірінші болып Арал қаласында телевизиялық орталық салынып, ел игілігіне табысталған. Ол 1979-1995 жылдары Қызылорда облысының өндірістік-техникалық байланыс басқармасының бастығы қызметін абыроймен атқарды, саланы 34 жыл басқарып, құрметті зейнет демалысына шықты. Қызмет жолында облыстық партия комитетінің мүшесі, облыстық кеңестің депутаты болып, өңірдің өзекті мәселелерінің шешілуіне белсенді атсалысты.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

---

**Елімізде 17 мамырда Байланыс қызметкерлері күні аталып өтеді. Кеше облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов арнайы ұйымдастырылған жиында сала мамандарын кәсіби мерекемен құттықтап, облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады.**

# БАЙЛАНЫС САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс әкімдігі тұрғындардың заманауи коммуникациялық қызметтерге қолжетімділігін арттыру үшін байланыс операторларымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Бүгінде Мемлекет басшысының интернет және байланыс саласын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы қабылданды. Алдағы уақытта жоба аясында республикадағы барлық ауылдық елді мекен сапалы байланыспен және интернетпен қамтамасыз етілетін болады.

Облыс әкімдігі ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, 2024-2027 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді.

Айта кету керек, облыстағы 230 ауылдың 213-і интернетпен қамтамасыз етілген. Қалған 17 елді мекен жоғарыда аталған Жол картасы аясында интернетпен толық қамтылмақ.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде аймақтағы республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 9 антенна-діңгек құрылысын салу жоспарлануда.

5G жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету жобасы бойынша Қызылорда қаласында 10 базалық станса орнатылып, оның 9-ы іске қосылды.

---

# ҚАЛА ӘКІМІ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

**Қызылорда қалалық мәслихатында «Халыққа қолайлы инфрақұрылым. Жайлы шаһар жасау бастамалары» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Іс-шара биыл жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар институтының құрылғанына 30 жыл толуына орай алғашқылардың бірі болып, біздің облыс орталығында өтуде.**

Оған еліміздің сегіз облысынан қалалық мәслихат төрағалары мен депутаттары қатысты. Семинар басталмас бұрын қала әкімі Серік Қожаниязов қонақтарды қабылдап, ірі инфрақұрылымдық жобалар мен қаланың ұзақмерзімді даму жоспарын таныстырды.

Жиында Қызылорданың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары, жолдар мен көшелерді қалпына келтіру, сондай-ақ абаттандыру жобалары туралы айтылды. Осындай жұмыстарды бір көзден жүргізу үшін өткен жылы қалада «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылған.

Сонымен қатар қаланың жаңа дизайн-коды таныстырылып, бюджетті жоспарлау және оның орындалуын бақылау мәселелері талқыланды.

Түстен кейін семинар қатысушылары Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралап, шыны зауытының, «Мағжан и К» ЖШС күріш өңдеу зауытының, «Отбасы орталығының» жұмысымен танысты.

Қонақтар облыс орталығының сәулеттік келбетін, көгалдандыруын, тазалығын жоғары бағалады. Мұндай іс-шаралар алдағы уақытта мәслихаттар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік береді.

**«СБ» ақпарат**

---

БРИФИНГ

# ӨМІРШЕҢ ІСТЕРДІҢ БАЙЫПТЫ БАСТАМАСЫ

**Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізді. Онда биылғы жылдың бірінші тоқсанында ауданда атқарылған жұмыстар, алдағы міндеттер айтылды.**

Аудан әкімі экономикалық дамуда оң тенденция қалыптасып, жеті макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өсім орын алғанын атап өтті. Мысалы, инвестиция саласында 16,4 пайыз өсім бар. Жыл басынан бері ауданға 4,1 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылған. Оның 1,5 млрд теңгесі ауылдық жерлерге, 2,6 млрд теңгесі Арал қаласына тиесілі. Аудан бюджеті биыл 15,2 млрд теңгемен бекітіліп, өткен жылғыдан 105,3 пайызға жоғарылаған. Есепті мерзімде өңірдің барлық кірістері 3 млрд теңгені құрап, 107,5 пайызға өскен. Оның ішінде ауданның өз түсімдері 1 млрд теңгені құрап, 25,4 пайызға артық орындалған.

– Жыл басынан бері өнеркәсіп орындары 9,1 миллиард теңгенің өнімін өндіріп, өсім 17,4 пайызға жетті. Атап айтсақ, 148,1 мың тонна тұз, 49,4 мың текше метр табиғи құм қазылып, 84,8 мың тонна йодталған тұз, 1494 тонна балық және балық өнімдері өндірілді. Аудан көлемінде 2024-2028 жылдар аралығында бірыңғай Индустрияландыру картасы, жалпыұлттық жобалар пулы және өңдеу өнеркәсібі жобаларының пулында іске асырылуы жоспарланған құны 174,8 миллиард теңгені құрайтын 13 инвестициялық жоба бар. Биыл өңірлік үйлестіру кеңесіне инвестициялық жобалар тізіміне қосымша 3,4 миллиард теңге болатын үш жоба ұсынылды, – деді Аманжол Оңғарбаев.

Аталған үш жоба биыл іске қосылмақ. Олар – «CamelPro» шаруа қожалығының заманауи су сақтау технологияларды пайдалана отырып жоғары калориялық жоңышқа өсіру жобасы, «Арал Проф Н» ЖШС-ның темірден дайын өнімдерді өндіру жобасы және «Аманжолов Жұбаныш» дара кәсіпкерлігінің ылғал майлықтар өндіру цехы.

Сонымен қатар Арал қаласының индустриялық аймағындағы жер телімдері толық игеріліп, қосымша 10 гектар жер табысталған. Жалпы көлемі 16 гектарды құрайды. Бұдан бөлек, ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъекті саны 5204-ке жеткен. Оның 95,7 пайызы тұрақты жұмыс істеп тұр. Шағын және орта кәсіпкерлік саласында 8397 адам жұмыспен қамтылып, салада өндірілген өнім 21,1 млрд теңгені құраған. Өсім – 147,3 пайыз.

Сондай-ақ аудан әкімі мемлекеттік бағдарламалар мен жалпы қаржы институттары арқылы 954,3 млн теңгенің 35 жобасы несиелендірілгенін атап өтті. Ауданда туризм саласына 2,4 млрд теңге тартылып, 3 мейрамхана, қонақүй және «Арал» қонақүйі жанынан бассейн, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жол бойы сервисі мен метангаз құю бекетінің құрылысы жүргізілуде.

Ауданда 2022-2024 жылдарға арналған «Ауыл шаруашылығы саласын дамытудың Жол картасы» мал, егін, балық шаруашылығы бағыттары бойынша іске асырылуда. Бұл бағытта жыл басынан бері 2,3 млрд теңгенің өнімі өңделген.

– Бекітілген жол картасы аясында 792 миллион теңгені құрайтын 30 жобаны жүзеге асыру жоспарланса, бүгінге 298,4 миллион теңгенің 24 жобасы іске қосылды. Оларда 99 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Атап өту керек, биыл жол картасына өзгеріс енгізіліп, қосымша 12 жоба қосылды, – деді аудан әкімі.

Мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Ауданда кейінгі үш жылда төрт түлік мал басы 30 мыңнан астам өскен. Құрылыс саласы да қарқынды. Жыл басынан бері 1,1 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілген.

Атқарылып жатқан тағы бір ауқымды жұмыс – биыл Сексеуіл кенті «көгілдір отынға» қосылмақ. Құны 3,5 млрд теңгені құрайтын жоба жыл соңында аяқталады. Сондай-ақ «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Арал қаласындағы №№4, 5, 6 шағын аудандарында газ желілерінің, №1 шағын ауданда электр желісінің құрылысы жүруде. Алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Аманөткел» ауылында 150 орындық клуб, «Шижағада» заманауи спорт кешені салынып, «Шижаға» елді мекені мен Арал қаласында 0,4 және 10 кВт әуе желілері жүргізіледі.

Биылғы жылдың басты жаңалықтарының бірі – Арал қаласында жалпы ұзындығы 12 шақырым кәріз желісі салынады. Оған 15 әлеуметтік нысан қосылады. Бұдан бөлек, биыл көлік инфрақұрылымын дамытуға барлығы 3939,9 млн теңге жоспарланған.

Аудан әкімі бірнеше жылдан бері қордаланып келген мәселе – Арал қаласындағы теміржол үстінен өтетін көпір құрылысы жыл соңына дейін толық аяқталатынын айтты. Айта кетсек, «Жайлы мектеп» жобасы аясында ауданда төрт 300 орындық білім ордасы бой көтереді. Оның екеуі – аудан орталығы мен «Сексеуіл» кентінде салынып жатқан мектептер биылғы оқу жылында пайдалануға берілмек.

Жалпы, аудан бойынша алдағы жоспарлар ауқымды. Мысалы, 2024-2026 жылдары республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыру мақсатында тиісті министрліктерге жалпы құны 18 млрд 676,6 млн теңгеге 27 жоба ұсынылып, нәтижесі күтілуде.

Әлеуметтік салада да оң серпін бар. Брифингте аудан әкімі мектеп бітіруші түлектер үшін қуанышты жаңалықпен бөлісті.

– Бұған дейін мектеп бітіруші түлектер Ұлттық бірыңғай тестілеуді Қазалы, Қызылорда қалаларына барып тапсыратын. Биыл бұл мәселе оң шешімін тапты. Енді аралдық талапкерлер ҰБТ-ны аудан орталығында тапсыратын болады. ҰБТ пункті болып Ұ.Қараманов атындағы № 262 мектеп-гимназиясы таңдалды, – деді Аманжол Сақыпұлы.

Ауданда денсаулық сақтау нысандары, олардың техникалық жағдайына байланысты мәселелер де түбегейлі шешім табуда. Былтыр «Қызылжар», «Бөген» ауылдарында жаңадан дәрігерлік амбулаториялар, «Жалғызағым», «Тастүбек», «Көктем» елді мекендерінде медициналық бекеттер пайдалануға берілген. Биыл «Сексеуіл» кентінде 40 орындық аурухана пайдалануға беріліп, Тоқабай елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салынады. Оған қоса, аудандық аурухана жанынан жапсаржай, Арал қаласының «Шанхай» шағын ауданынан ауысымына 250 адамды қабылдай алатын емхана құрылыстары да биыл басталады.

Аудандық ауруханада 54 орынды кардиология және инсульттік бөлімшелер ашылған. Бұдан бөлек, биыл аурухана МРТ, ангиограф қондырғыларымен жабдықталады. Аудан халқы үшін тағы бір жағымды жаңалық – «Қамқорлық» ерте оңалту орталығын ашу үшін реконструкция жасауға 360,0 млн теңге бөлініп, жұмыстар басталған. Орталық 2-17 жас аралығындағы мүгедектігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған. Ашылған соң мекеме «Қазақстан халқына» қорынан 1,2 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтармен қамтылады.

Сондай-ақ биыл ауданда «Руханият» орталығының құрылысы басталады.

**Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»**

# АРАЛДА УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Сүретті түсірген Н.Нұржаубай

Қызылорда ашық университетінде өткен шараға Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев, облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, Қызылорда ашық университеті ректорының міндетін атқарушы Абайбек Жүнісов қатысты. Қонақтар алдымен университет базасымен танысып, академиялық және шығармашылық жетістікті көрді.

Салтанатты жиында Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев университет өкілдігінің аудан жастары үшін маңызы мен қолжетімділігіне тоқталды. Сонымен қатар мектеп бітіруші түлектер мен ата-аналар үшін сапалы білім алуға ашылған үлкен мүмкіндік екенін айтты.

– Арал қаласы мен облыс орталығының арақашықтығы 500 шақырымға жуық. Ал аудандағы кей ауыл Аралдан 400 шақырымға дейін алшақ жатыр. Халықтың әлеуметтік жағдайы да әр алуан. Сондықтан ауданнан ашылатын университеттің оқу орталығы оқу ақысы, орналасқан аймағына байланысты қарапайым халыққа қолайлы болатыны сөзсіз, – деді аудан әкімі.

Расында, ЖОО-ның оқу орталығын ашу – бұрын көтерілген мәселе. Кейінгі жылдары әкімдік осы мақсатта бірнеше білім беру мекемесімен байланыс орнатып, әрбірінің әлеуетін бақылады. Қызығушылық танытқандар қатарында халықаралық университеттер де болғанын білеміз. Алайда сараптай келе саладағы тәжірибесі мол, тұрғындарға тиімді мүмкіндік ұсынған Қызылорда ашық университетімен келісімге келуді ұйғарған.

– Қызылорда ашық университетінде бәсекеге қабілетті маман даярлау бағытында көптеген жұмыс атқарылуда. Бүгінгі қолға алған бастама Арал өңірінің жастары үшін үлкен мүмкіндік деп білеміз. Мақсатымыз – аймақта ашық және қашықтан білім беру мүмкіндігін дамыту, – деді Қызылорда ашық университеті ректорының міндетін атқарушы Абайбек Талғатұлы.

Орайы келгенде ауданнан ашылатын университеттің оқу орталығының оқу процесіне тоқталайық. Көбі жаңалықты қуана қабылдағанымен, баланың қалай білім алатынын білгісі келетіні анық.

Аты айтып тұрғандай, университеттің білім беру концепциясы ашық әрі қолжетімді модельге құрылған. Аралдан ашылатын оқу орталығы студенттері онлайн білім алып, қашықтан оқуға қол жеткізеді. Platonus білім беру платформасы арқылы қажетті оқу материалын пайдаланып, жеке парақша арқылы тапсырма орындайды. Ал оқу орталығы жұмысын жүйелі жүргізу үшін Арал қаласындағы Арал көпсалалы колледжінің базасында арнайы кабинет жасақталады.

Университет тарапы кабинетті барлық қажетті жабдықпен қамтамасыз етіп, үздіксіз білім беру үшін кадр мәселесін реттемек. Университет өкілдігінде ЖОО қызметкерлері жұмыс істейді деп жоспарланған. Егер ауданда білім саласында тәжірибесі бар, білікті мамандар болса, оларды жұмысқа қабылдау жүзеге аспақ. Қызылорда ашық университеті өкілдерінің сөзінше, барлық қызметкердің жалақысы университет тарапынан төленетін болады.

Айта кетейік, биыл Қызылорда ашық университеті Азия Ашық университеттер қауымдастығына қауымдастырылған мүшесі болып қабылданды. Қауымдастықтың 23 толық, 18 қауымдастырылған мүшесі бар. Қызылорда ашық университеті – бұл қауымдастықтағы алғашқы және жалғыз қазақстандық жоғары оқу орны.

**Ерсін ШАМШАДИН,**
**«Сыр бойы»**

1-бет

# МАҚСАТЫ АЙҚЫН МЕМОРАНДУМ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – 85 жылдық тарихы бар іргелі оқу орны. Бүгінде заман талабына сай дамып, еңбек нарығына қажетті кадрлар даярлап келеді. 2023 жылғы 5 желтоқсанда жоғары оқу орындарының тұрақты дамуының жыл сайынғы әлемдік рейтингінің нәтижелері бойынша университет алғаш рет «UI Green Metric» әлемдік рейтингіне беделді тізімде 1015 орынға тұрақтады. Оған әртүрлі елдерден 1183 оқу орны, оның ішінде Қазақстанның 18 жоғары оқу орны қатысқан. Бұл – университет басқарма мүшелері мен профессор-оқытушылар құрамының жасаған үлкен еңбегі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде техникалық мамандар жеткіліксіз екенін, сол бағытқа Үкімет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі керегін айтқан болатын. «Өнеркәсіптік инженерлердің жаңа буынын өсіру қажет» деді Президент.

Техникалық мамандар даярлау қазіргі заман талабына айналып отыр. Бұл ретте университет өңірімізге қажетті тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру бағытындағы мамандарды даярлауда. 2016 жылдан бері аймағымыздағы тау-кен саласындағы мамандарды қамтамасыз ету мақсатында жаңа мамандықтар ашылды.

Білім ордасы мен аймақтағы кәсіпорындар арасында меморандум жасалған. Солардың бірі – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес ұйымы «Қызылқұм» ЖШС. Университет пен «Қызылқұм» ЖШС арасындағы ынтымақтастық геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, пайдалы қазбаларды байыту және тау-кен ісі мамандықтарын қамтиды. Бұл мамандықтар сұранысқа ие екені еңбек нарығында анық байқалуда. Өңірдің Жаңақорған, Шиелі аудандарында тау-кен өндірісі орналасқандықтан, тиісті сала мамандарына сұраныс болатыны анық. Сондықтан меморандумның мақсаты айқын деуге болады.

Бұған дейін өндіріс ошақтары қажет мамандарды өзге өңірлерден шақыратын. Себебі жергілікті оқу орнында арнайы маман даярланбайтын. Бүгінде білім алушылар теория мен практиканы қатар меңгеріп, сапалы білім алуда. Меморандум аясында жоғарыда аталған мамандықтар бойынша білім алушылар жылда кәсіпорындарда өндірістік іс-тәжірибеден өтуде. «Қызылқұм» ЖШС-ның «Хорасан-1» кенішінде студенттер тәжірибе жинап, болашақ маман ретінде саланың қыр-сырын меңгеруде.

Өндірістік іс-тәжірибеден өту нәтижесінде білім алушы теориялық білім мен өндірістік іс-тәжірибе нәтижесінде алған жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін растайды.

Университет түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болып, мықты маманға айналуына Қорқыт ата атындағы университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес ұйымы «Қызылқұм» ЖШС мамандары өлшеусіз үлес қосуда.

**С.АППАЗОВА,**
**«Инжинирингтік технологиялар» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы**

# «АУЫЛ АМАНАТЫ» – ЖАРҚЫН БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖОЛАШАРЫ

Осылайша, бастапқыда пилоттық ретінде Жамбыл облысында қолға алынған жоба бүгінде ел көлімінде жүзеге асып келеді. Халқының жартысынан астамы ауылдық жерде тұратын Сыр өңірі үшін бұл жобаның маңызы зор.

Осыған орай, партияның облыстық филиалы алаңында арнайы брифинг ұйымдастырылып, БАҚ өкілдеріне «Ауыл аманаты» жобасының өңірде жүзеге асу мәселелері баяндалды.

Брифингке партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Ғалым Баимбетов және «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарушы директоры Мадали Алишерұлы қатысты.

## МАҚСАТ – АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН АГРОБИЗНЕСКЕ ТАРТУ

Брифинг барысында партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова жобаның маңыздылығын атап өтіп, осы бағытта партия тарапынан атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Бүгінде тұрғындардың табысын арттыру мәселесі өте өзекті. Сондықтан ел Үкіметі 2019 жылы біздің өңірден пилоттық режимде бастау алған «Жамбыл облысы тұрғындарының тұрмыстық табысын» арттыру жобасын ел бойынша іске асыруды қолға алды. Осы орайда, Үкімет пен партияның бірлескен «Ауыл аманаты» жобасы бастау алған болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға дейінгі халықтың табысын арттыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобаның мақсаты – ауыл тұрғындарын агробизнеске тарту, ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерін жанжақты қолдау, елді мекендердің экономикалық әлеуетін арттыру және мамандануына сеп болу, жалпы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Ауыл халқының табысын арттыруға, ауыл шаруашылығына «Ауыл аманаты» жобасының тигізер үлесі басым. Бұл жоба кәсібімді дамытсам деген шаруаларға мемлекет тарапынан көрсетілген үлкен қолдау болғаны анық. Бағдарлама арқылы сүт, ет өндірісі, құс және балық шаруашылығы секілді жобалар, өсімдік, мал шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін жабдықтау және басқа бағыттағы жобалар қаржыландырылып отыр.

– «AMANAT» партиясы жобаны іске асыруға үлкен дайындықпен келді, яғни алдыңғы жылы жоба шеңберінде барлық ауылдық округтерге скрининг жүргізілді. Аймақтағы 146 ауылдық округтің әкімдеріне партияның Саяси менеджмент академиясы 3 күндік оқу семинар ұйымдастырды. Бұл өз кезегінде жергілікті әкім аппараттарының кәсіби даярлығын арттыруға, ауылдың мамандануы мен әлеуетін анықтап, жеке кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы кооперативтердің ұйымдастырылуына ықпал етті. Партияның барлық аудандық, қалалық филиалдары жанынан «Ауыл аманаты» жобасының мақсаттарын түсіндіру мен тұрғындарға кеңестер беру үшін арнайы ақпараттық-насихаттық орталықтар жұмыс жасайды. Мұнан бөлек, жобаның ережелері ауылдарда өтіп жатқан мобильді қабылдаулар мен тақырыптық кездесулер барысында кеңінен насихатталып отыр, – деді Ләйлә Төрешова.

«Ауыл аманаты» жобасы әлеуметтің табысын арттыруға, аграрлық бизнесті түлетуге, ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған. Жоба аясында 2,5 пайызбен несие алып, 5 жыл көлемінде және мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы бойынша кооперативтерін құру саласындағы жобаларға 7 жылға дейін беріледі. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі – 2,5 пайыз. Әлемдегі инфляцияны ескеретін болсақ, 2,5 пайыздық несие бұл – өте тиімді. Айта кетейік, несие алған азаматтарға негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша 1,5-2 жыл жеңілдік кезеңі де қарастырылған.

Жобаға аймақ тұрғындарының да қызығушылығы басым. Олар ауылда өз кәсібін бастауға немесе осыған дейін болған шағын кәсібін дамыта алатынына дән риза.

– Бұл ретте партия тарапынан жергілікті жердегі әкім аппаратының кәсіби даярлығын арттыруға, ауылдың мамандануы, әлеуетін анықтап, жеке кәсіпкерлікке қолдау жасау мақсатындағы жұмыстар ұйымдастырылды. Одан бөлек, ауыл тұрғындары жобаны жақсы білуі, өздерінің бизнес жобаларын ұсына алуы үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында барлық ауылдық округтерде тұрғындармен кездесулер өткіздік, – деді Ләйлә Төрешова.

1-бет

## БИЫЛ ОБЛЫСҚА 4,6 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Жоба облыста іске қосылғалы бір жылдай уақыт өтті. Осы уақыт ішінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Ғалым Баимбетовтың айтуынша, былтыр облыс бойынша жобаға 3 млрд теңге бөлінген.

– Шағын несиенің жоғары сомасы 2,5 мың айлық есептік көрсеткішке тең. Биыл айлық есептік көрсеткіш өзгеруіне байланысты, қаржы көлемі де ұлғайды. Мысалы, былтыр 8,6 млн теңге берілетін болса, биыл 9,2 млн теңге қарастырылып отыр. Ауылшаруашылық кооперативтерін дамытуға 8 мың айлық есептік көрсеткіш, яғни бұл 2024 жылы 29,5 млн теңге, – дейді Ғ.Баимбетов.

Өткен жылы бөлінген қаржыға 406 жоба несиелендіріліп, 713 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның ішінде 275 адам жаңа кәсіп ашып, 438 адам қосымша жұмысқа тартылды. Былтыр скрининг нәтижесі, ауылдарды зерттеу бойынша негізгі бес бағыт айқындалған. Олар – ауылшаруашылық кооперациясын дамыту, ауылшаруашылық тауарын өндіру және қайта өңдеу, өсімдік шаруашылығы, оның ішінде жылыжай, бау-бақша, картоп, көкөніс өнімдерін өсіру, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және басқа да бағыттар.

Нәтижесінде 33 ауылшаруашылық өндірістік кооперативіне 716 млн теңге, 377 жеке кәсіпкерге 2,2 млрд теңге қаржы қарастырылған. Былтыр «Ауыл аманаты» жобасына аймақтағы 146 елді мекеннің 106-сы қатысып, осы несиені алды. Биылғы жылдың 1 сәуіріне сол жобалардың 203-і бойынша салық түсімдері 18,9 млн теңгеге жетті. 2024 жылға бағдарламаны іске асыру мақсатында республикалық бюджеттен 4,6 млрд теңге қаржы қаралған.

– Осыған сәйкес әрбір жеке кәсіпкерге 8 миллион теңге аралығында 575 жобаны қаржыландыру және сәйкесінше 610 жұмыс орнын ашу көзделуде. Жалпы облыс бойынша 154 жобалық топ құрылды. 146 ауылдық округке скрининг жұмыстары толығымен жүргізілді. Әрбір ауылдың мүмкіндіктері сараланып, биылға төрт бағыт айқындалып отыр. Олар – ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, егіншілік, мал шаруашылығы және басқа да бағыттар, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Қазір облыста 574 жобалар пулы қалыптастырылған. Жоба аясында биыл 27 ауылшаруашылық кооперативін құру жоспарланып отыр. Бағдарлама шеңберінде барлық елді мекендерді бірдей қарастыру мақсатында қаралған қаржы әрбір аудан мен Қызылорда қаласы бойынша халық санына қарай тең бөлінеді. Қызылорда қаласынан тек қалаға қарасты ауылдық округтер жобаға қатыса алады.

## ЖОБАҒА ҚАТЫСУ ҮШІН НЕБӘРІ ТӨРТ ҚҰЖАТ ҚАЖЕТ

Брифинг барысында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарушы директоры Мадали Алишерұлы жоба аясында микрокредит алудың негізгі талаптарын жеткізді. Оның айтуынша, азаматтардың жобасы, ең алдымен, негізгі бағытқа сәйкес келуі керек және жоба аясында тұрақты жұмыс орны құрылуы қажет.

Жобаны іске асыру жоспарланып отырған ауылдық елді мекенде тұрғылықты жері бойынша кемінде 1 жыл тұрақты тіркеудің болуы керек. Сонымен қатар өндіріс үшін жаңа, пайдаланылмаған техниканы, жабдықты сатып алу үшін беріледі. Атап өту керек, өңірде мал басын түрлендіру және асылдандыру мақсатында жоба аясында асылтұқымды мал сатып алу көзделген. Алайда жоба талаптарына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын сол жердегі жақын туыстарынан сатып алуға қаржы берілмейді. Сондай-ақ «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы алынған несиенің мақсатты, бизнес жоспарға сәйкес пайдаланылуын қадағалап отырады.

– Былтыр қаржыландырылған 406 жобаның бүгінде 276-сына мониторинг жасалды. Атап айтқанда, Арал ауданында 49 жоба, Қазалы ауданында 48 жоба, Қармақшы ауданында 31 жоба, Жалағаш ауданында 18, Сырдария ауданында 13, Шиелі ауданында 42, Жаңақорған ауданында 61 жоба және Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтерде 14 жоба тексерілді. Жобалардың тапсырылған құжаттар мен бизнес жоспарында көрсетілген тізім бойынша және соңғы көрсеткіштері қаралып, құрал-жабдықтары сәйкестендіріліп, техникаларының барлығы алынғанына көз жеткізілді, – дейді Мадали Алишерұлы.

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы маусым айының ортасына дейін тағы 130-ға жуық кәсіпкерге мониторинг жүргізеді.

Айта кетерлігі, жоба аясында аймақта ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды саласы саналатын мал шаруашылығы өркен жайып, дамып келеді. Төрт түліктің аймаққа етене жақын түрі ірі қара мен қой өсірушілерге мемлекеттік қолдау кеңейіп, селекциялық асылдандыру жұмысын жүргізуге көңіл бөлінуде. Мысалы, былтыр жоба нәтижесінде республиканың басқа өңірлерінен 578 бас асылтұқымды мал жеткізілген. Сондай-ақ 4627 бас тауық, бөдене, қаз сияқты үй құстары алынып, ет, жұмыртқа бағытында өсірілуде.

Жоба қаражатын кәсібіне қажетті техника алу мақсатында пайдаланғандар да бар. Былтыр несие алғандар 64 техника сатып алған. Атап айтсақ, 20 трактор, 14 газель, 18 жүк көлігі, 2 экскаватор және тасымалдайтын тіркемелер алынған.

Мадали Алишерұлының айтуынша, биыл жобаға қатысуға құжат тапсыру рәсімінде былтырғыдан өзгеріс жоқ.

– Жобаға қатысу үшін қажетті негізі төрт құжат бар. Олар – жеке куәлік, электронды үкімет порталынан алынатын үш анықтама, кепілге қойылатын үйдің техникалық құжаттары және үйді тәуелсіз бағалау жөніндегі есеп. Жобаға қатысам деушілер осы құжаттардың барлығын жергілікті әкімдікке өткізеді. Содан кейін «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясында құжаттарды регламентке сәйкес қауіпсіздік бөлімі, заңгерлер, несие бөлімі қарап, бағдарлама талаптарына сай келген жағдайда есеп комитетіне комиссияға ұсынады. Комиссияға ұсынғаннан кейін жоба он бес жұмыс күні ішінде қаралып, мақұлданған жағдайда үш күннің ішінде қаражат аударылады. Биылға құжат қабылдаудың басталуы туралы қосымша аудан әкімдіктері арқылы, әлеуметтік желілерде алдын ала хабарлама беретін боламыз, – дейді ол.

Иә, ауылдың гүлденуі – елдің гүлденуі. Ауылдың көсегесін көгертуді көздеген кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан тиімді жағдай ұсынылып отыр. Тек соны сапалы жүзеге асырып, әрмен қарай түлетіп, шаруасын ширатамын деген азаматтарға бұл жоба таптырмас мүмкіндік болмақ.

**Биболат СӘТЖАН,**
**«Сыр бойы»**

№75-76 (20749-20750) 18 мамыр, сенбі 2024 жыл

# ТАБИҒИ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУ немесе Оңтүстіктен Солтүстікке көшудің тиімділігі қандай?

### Қоныс аударушыға қандай қолдау бар?

Теріскейге көшіп барғандарға қандай көмек беріледі? Бұл туралы Ұлытау облысының «Еңбек мобильділігі» орталығының директоры Айдар Қойшыбаевтан сұраған едік.

– Облыста халық саны аз, жұмыс көп. Бар болғаны 280 мың ғана адам бар. Оның 80 мыңы облыс орталығында тұрады. Біздің өңірде мал шаруашылығы қарқынды дамыған. Егер көпбалалы отбасылар көшіп келетін болса, мемлекеттен берілетін көмектен бөлек, ірі қара және ұсақ мал беріп олардың жем-шөбін 5 жыл бойы қамтамасыз етеміз. Мәселен, былтыр келген отбасыларға 5 ірі қарадан және 10 уақ мал, кейбіреулеріне 3 жылқыдан берілді. Қазір жұмыс жасап, кәсіптерін дамытып отыр. Ұлытау облысы Сыр өңірімен іргелес жатыр. Екі аралықтағы 400 шақырымдық жол жөнделуде. Алдағы уақытта қатынауға да ыңғайлы. Туған-туыс, ағайынмен де араласып тұра бересіздер, – деді ол.

Ерікті түрде қоныс аудару кезеңінде мемлекеттен көрсетілетін бірнеше қолдау бар. Айталық, қоныс аударушыға және оның әрбір отбасы мүшесіне бір рет 70 АЕК (258 440 теңге) мөлшерінде көшуге материалдық көмек беріледі. Тұрғын үйді сатып алуға, ипотекалық қарыз бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу, тұрғын үйді сатып алу және салу үшін ақшалай төлем ретінде экономикалық сертификат ұсынылады. Қоныс аударушының отбасына, оның ішінде жалғызбастыларға он екі ай бойы ай сайын тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерді өтеуге материалдық көмек беріледі. Қалалық жерге қоныс аударса, 1 адам үшін 20 АЕК немесе 73 840 теңге, ал отбасы мүшелерінің саны 2-4 болса 25 АЕК немесе 92300 теңге, отбасы мүшелерінің саны 5 және одан көп болған кезде 30 АЕК немесе 110760 теңге төленеді. Сонымен қатар, ауылдық жерлерге қоныс аударғандарға 1 адам үшін 15 АЕК немесе 55380 теңге, отбасы мүшелерінің саны 2-4 болса 18 АЕК немесе 66456 теңге, отбасы мүшелерінің саны 5 және одан көп болса 21 АЕК немесе 77532 мөлшерінде төленеді. Егер қажет етсе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына және қысқа мерзімді кәсіптік курстарға жіберіледі.

### Жұмысқа кел, білекті сыбанып...

Екі қолға бір күрек таппай жүргендер үшін жыл сайын өңірге теріскейден келіп бос жұмыс орындарын ұсынатын жәрмеңкенің маңызы зор. Осындай мүмкіндікті, әсіресе жастар қалт жібермей, пайдаланып қалуды мақсат етеді. Айталық, Назым Нұрлыбекова есімді бойжеткен биыл Қызылорда медициналық жоғары колледжін «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша аяқтағалы отыр. Ол оқуын бітірген бойда Абай облысына жұмысқа тұруды көздейді. «Жетістіктер алаңында» бос жұмыс орындарының жәрмеңкесіне келіп, көкейіндегі сұрақтарға жауап алды. Мемлекеттен берілетін мұндай мүмкіндікті пайдаланатынын айтады.

«Болашақ» университетінде әлеуметтік сала, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау бағытында өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қатысты. Ол «Жетістіктер алаңы» іс-шарасының мән-маңызына тоқталып, кәсібін жүргізем деген жандарға қолайлы мүмкіндік екенін жеткізді.

– Өткен жылы облыста 1529 адам қайтарымсыз грант, 492 жас кәсіпкер жеңілдетілген несие алды. Бұл шаралар биыл да жалғасады. Аймақта еңбек нарығын дамытуға 17 млрд теңге қаржы қаралып отыр. Бұл – әлеуметтік қолдауды кеңейту мен адами капиталды дамыту үшін мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан әлеуметтік саясаттың айқын көрінісі, – деді.

Жәрмеңкеде Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Абай облыстарынан 3500-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды. Басым бөлігі ғылым мен білімге, денсаулық сақтау және мәдениет пен спорт салаларына қатысты.

Солтүстік Қазақстан облысы М.Жұмабаев ауданынан келген Нұржамал Тамбекова мектеп директорының орынбасары болып жұмыс істейді. Өзі – осыдан бірнеше жыл бұрын теріскейге қоныс аударғандардың бірі. Сондықтан беріліп отырған мүмкіндікті өзгелер де пайдаланып, өмірін жақсы жаққа қарай өзгерткенін қалайды.

– Қандай бағдарлама шықса да, жұртшылық оны зерттеу керек. Өзім Шымкенттің қызымын. 2015 жылы осы бағдарлама ең алғаш шығып, ел дүрлігіп көшіп жатқанда қоныс аударғам. Бірақ ол кезде дәл мұндай жеңілдіктер жоқ-тұғын. Бағдарламаның түпкі мақсатын зерттегім келді. Көшіп бара сала маған жұмыс тауып берді. Жас мамандарға жұмыс көп. Өйткені, Солтүстіктегі өзге ұлттардың өз елдеріне көшуіне байланысты халық саны өте азайып кетті. Соның салдарынан табиғи баланс бұзылды. Керісінше Оңтүстікте адам саны жыл сайын көбеюде. Табиғи апаттардың орын алуының бір себебі де – осы. Тепе-теңдік жоқ. Біз ол жаққа қазақты, жалпы халықты көптеп шоғырландыруымыз керек. Кейбір адамдар соны дұрыс түсінбейді. Оларды еріксіз көшіріп жатқандай боламыз. Сондықтан мәлімет адамдарға дұрыс жетуін қалаймыз. Бұл – өмірін түбегейлі өзгертуді қалайтындарға берілген жақсы мүмкіндік, – дейді ол.

«Жетістіктер алаңында» қайтарымсыз грант алып, кәсіп көкжиегін кеңейткен 80 кәсіпкер өз өнімін көпшілікке ұсынды.

Ал Қызылорда қаласы аумағындағы 20 жұмыс берушіден 200-ге жуық бос орны өз жұмыскерлерін күтуде. Жалпы Солтүстікке қоныс аудару жобасы бойынша кейінгі 5 жыл ішінде 348 отбасы қоныс аударған. Оларға тиісті қаржы бөлініп, бастаған кәсіптеріне лайықты қолдау жасалып, тұрғын үй, үйді жалдау шығынын өтеуге қажетті көмек көрсетілген. Мұндай қолдауға биыл да ниет білдірген жандар ие бола алады.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА,**
**«Сыр бойы»**

1-бет

БІЛІМ

Санаулы күндерден соң 2023-2024 оқу жылы да өз мәресіне жетіп, орта білім берудегі негізгі көрсеткіштер айқындалады. Айталық, жыл барысындағы жұмыстар сараланып, ұстаздың еңбегіне, оқушының біліміне баға беріледі. Бұл ретте барлық білім беру ұйымының алдында мемлекеттік емтихан, ҰБТ сынағы сияқты жауапты кезеңдер күтіп тұр. Дәлірек айтсақ, биыл облыстағы 330 мектепті 181 804 оқушы бітіреді. Оның ішінде 11 - сыныпты 8 240 түлек аяқтап, үлкен өмірге қадам басады.Оқу жылын қорытындылауға байланысты арнайы іс-шаралар қабылданып, басқарма тарапынан ішкі ережелер бекітілді. Бұл жайында өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов кеңінен баяндап берді.

# ШЕШУШІ КЕЗЕҢ және ЖАЗҒЫ МІНДЕТ

### «Үздік олимпиадалық команда»

– Өткен оқу жылы аймақ үшін айтарлықтай жетістіктерге толы болды. Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсына 25 оқушы қатысып, оның ішінде 16 оқушы жүлделі орындарды иеленді. Сонымен қатар, жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық, олимпиада және ғылыми жоба конкурсының қорытынды кезеңіне 121 оқушы қатысып, 40 оқушы жүлделі орын еншіледі. Тағы бір жаңалық, алғаш рет өткізілген ауыл мектептері оқушыларына арналған олимпиаданың республикалық кезеңіне 53 оқушы қатысып, 26 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Нәтижесінде Қызылорда облысы республика көлемінде «Үздік олимпиадалық команда» атанды, – деді А.Есжанов.

Басқарма басшысының айтуынша, бұл жетістіктердің барлығы – оқу жылы аясындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Атап айтқанда, жалпы білім беру ұйымдарының 7-10 сынып оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыттағы 6 пән бойынша «Талдысу», «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталықтары базасында 960 оқушы дайындық курстарынан өткен. Оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар арасында биыл алғаш рет «Менің қолымнан бәрі де келеді» атты облыстық олимпиада өткізіліп, білімдері сараланды.

### Педагог мәртебесін көтеруде жүйелі жұмыс бар

Аймақтың білім беру саласы бойынша педагог мәртебесін жоғарылату және шығармашыл мұғалімдерді қолдау бағытында жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың нәтижесі де көңіл қуантады.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған жыл сайынғы «Үздік педагог» республикалық конкурсынан 2022 жылы 4 педагог, 2023 жылы 5 педагог жеңімпаз атанып, әрқайсысы 3 млн теңге көлемінде грант иеленді. Осылайша өңірдегі «Үздік педагогтердің» саны 32-ге жетіп, республика бойынша үздік үштіктің қатарынан көрінді. Ал өткен жылы 5 «Үздік педагогке» облыстық бюджет есебінен 1 035 000 теңге көлемінде бір реттік сыйақы берілді.

Бұдан бөлек, облыс әкімдігінің қолдауымен 2014 жылдан бастау алған «Орта білім беретін үздік ұйым» конкурсының қорытындысымен биыл Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі жеңімпаз ретінде танылып, облыстық бюджеттен 34 млн теңге грант табысталды. Жалпы облыстық білім басқармасы тарапынан аймақ педагогтерінің мәртебесін жоғарылату бағытындағы жұмыс үздіксіз жүргізіледі.

### 589 түлек «Алтын белгіге» үміткер

Биылғы оқу жылын 330 мектептегі 181 804 оқушы аяқтайды, оның ішінде 11-сыныпты бітіруші – 8 240 оқушы. «Алтын белгіге» 589 түлек үміткер. Ал 9-сыныпты бітіруші 16 015 оқушының 2014-і «Үздік аттестатын» қорғайды.

Айта кетейік, мемлекеттік емтихандар 9-сынып бітірушілері үшін 2024 жылдың 29 мамыр-10 маусым аралығында, ал 11-сыныпты бітіруші түлектерге 28 мамыр-11 маусым аралығында өтеді.

– Осы ретте, айта кетуіміз қажет, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес 11-сыныпты бітіруші «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың жазбаша емтихандары, яғни, «Қазақ тілі», «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен тапсырылатын емтихандарын облыстық білім басқармасы жанынан құрылған комиссия тексеретін болады. Бұл – «Алтын белгіні» тек лайықтылар алады деген сөз. Комиссия жұмысы барысында ашықтық пен әділдік қағидаттары қатаң сақталады, – деді басқарма басшысы.

Биылғы жылдың тағы бір ерекшелігі, 27-31 мамыр аралығында 5-8 сыныптарда білім алатын 79845 оқушы бірінші рет «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен емтихан тапсырады.

### Министрлік тұжырымдамасы бекітілді

Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрлігі тарапынан білім беру ұйымдарындағы мектеп бітіру іс-шараларын өткізудің тұжырымдамасы бекітілді.

Соған сәйкес барлық орта білім беру ұйымында 24 мамыр күні «Білімім – Отаныма» 1-10 сынып бойынша бірыңғай тәрбие сағаты өткізіледі. Тәрбие сағаты мемлекеттік гимнмен басталып, балалардың жыл бойы білім жетістіктері мен қоғамдық белсенділіктері аталып өтеді. Сонымен қатар, Отанға деген құрметін арттыру мақсатында патриоттық тақырыпта шығармалар мен өлеңдер оқу, еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы айтылып, қазақ батырлары, тарихи тұлғалары туралы әңгімелеу ұсынылады. Сондай-ақ «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында 9, 11-сынып түлектері эссе жазады. Сынып сағаттарында негізінен патриотизм, Отанды сүю, достық, татулық, ел тарихына, саяси репрессия мен аштық құрбандарының есімдеріне құрмет таныту сынды ақпараттар айтылатын болады.

«Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбындағы 11-сынып оқушыларының мектеп бітіру салтанатына арналған іс-шара 25 мамыр күні өткізіледі. Іс-шараны өткізу мектептің бірінші басшылығының бұйрығымен және ата-аналар комитетінің келісімімен жүзеге асырылады.

Салтанатты іс-шаралардың құрметті қонағы ретінде ата-аналар мен қамқоршылық кеңес мүшелері, ардагер ұстаздар, тиісті жергілікті жердің еңбек ардагерлерін қатыстыру қарастырылған.

Әрбір білім ұйымында «Бала шақтан – болашаққа», «Мың алғыс саған, ұстазым!», «Жолың болсын, жас түлек!», «МектепLife» тақырыптарындағы түрлі креативті бағдарламалар түрінде іс-шаралар өтеді. Осы ретте түлектердің мектеп формасында болуы міндетті екені айтылды.

– Барлық білім беру ұйымы басшыларына басқарма тарапынан мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарымен сәнді киім-кешекке жұмсалатын шығындардың орынсыздығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізуге, мерекелік дастарқандарды ұйымдастыруға, жалға берілетін автокөліктерді пайдалана отырып, қалада, қала сыртында экскурсиялар өткізуге жол бермеу жөнінде қатаң түрде тапсырылды, – деді басқарма басшысы.

### Мектеп бітірушілердің 89,7 пайызы ҰБТ-ға қатысады

Маңызды іс-шараның бірі – бітірушілерге аттестат тапсыру салтанаты 14 маусым күні «Жолың болсын, жас түлек!» тақырыбында мектептерде өткізіледі.

Ал 6-14 мамыр аралығында Ұлттық бірыңғай тестілеудің үшінші кезеңіне өтініштер қабылданды. Маңыздылығы сол, бітірушілер осы тестілеудің қорытындысымен берілетін сертификат арқылы мемлекеттік грант конкурсына қатысады.

ҰБТ осы күннен басталып, 5 шілдеге дейін жалғасады. Тестілеу пункттері Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы және Жаңақорған аудандары орталықтарында орналасқан. ҰБТ-ға мектеп бітірушілердің 89,7 пайызы немесе 7391 оқушы қатысады деп күтілуде.

### «Жайлы мектеп» және басқа да жаңа құрылыстар

Мемлекет басшысының бастамасымен үш ауысымды және апатты мектептердің проблемасын түбегейлі шешуге, 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жайлы осыған дейін хабардармыз.

Өңірімізде аталған жоба аясында 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Айталық, осы жоба аясында аймақтағы 4 апатты, 3 бейімделген ғимарат және 14 жаңа шағын аудандағы орын тапшылығы мәселелері шешімін табады. Биылғы жылдың 30 тамызына дейін пайдалануға берілетін 6 мектепке баратын оқушылар мен педагогтер саны нақтыланды.

Салада атқарылып жатқан серпінді жұмыстар аз емес. Атап айтқанда, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» арқылы құны 7 млрд 900 млн теңгені құрайтын дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат, Шиелі ауданында 988 млн теңгеге 100 орындық мектептің және жергілікті бюджет есебінен құны 926 млн теңгеге Жаңақорған ауданында 150 орындық мектеп құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апатты мектеп және «Ақшатау» ауылындағы бастауыш мектептің ғимараты жеке инвесторлардың демеушілігімен салынуда.

Балаларды қосымша біліммен қамту үлесін арттыру мақсатында «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд 300 млн теңгеге 350 орындық заманауи «Оқушылар сарайы» мен жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» және 50 орындық «Өнер мектебі» салынуда. Бұл нысандар жаңа оқу жылы қарсаңында пайдалануға беріледі. Тағы бір көңіл қуантарлық жаңалық, «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен құны 4 млрд 800 млн теңгені құрайтын музыкалық колледж ғимаратының іргетасы қаланды. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан құны 11 млрд теңгені құрайтын «Шығармашылық академиясын» салу жоспарланып отыр.

– Биыл жергілікті бюджет есебінен 8 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтеді. Бұл орайда білім мазмұнын арттыру мақсатында мектептерді заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтап, бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуде соңғы үлгідегі бейнекамералар алуға жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді, – деді басқарма басшысы.

### Балалардың жазғы тынығуына барынша жағдай жасалады

Жалпы аймақта 1-10 сынып аралығында 173 859 оқушы бар. Олардың 98 пайызын жазғы тынығу және еңбекпен қамту жоспарланып отыр. Бұған байланысты барлық қаржы көздерінен 919,4 млн теңге жұмсалуда. Сондай-ақ жазғы демалысты ұйымдастыруға 2 518 педагог, 38 белсенді студент пен 23 ерікті қатысады.

«Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорының «QN Жаздық жолдама-2024» қайырымдылық жобасы аясында 1430 бала Түркістан облысы «Біркөлік» елді мекенінде орналасқан «Қуаныш» демалыс орнына барады. Ал мектеп жанынан жабдықталған жазғы тынығу лагерінде 150 мыңнан астам бала демалады. Айта кетейік, мектеп жанындағы жазғы тынығу лагерьлерінде киіз үймен этнолагерьлер, палаткалы лагерьлер ұйымдастырылады.

Қала сыртындағы 8 лагерьде 7 ауысымда 7035 бала демалса, аймақтан тыс жерде орналасқан лагерьлерде 6 ауысымда 5 646 оқушы демалыспен қамтылады. Еңбек жасақтары, туристік серуен, үйірмелер, спорттық-зияткерлік сайыстарға 131 879 оқушы қатыстырылады. Бұл 1-10 сынып оқушыларының 76%-ын құрайды. Оның ішінде жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан, есепте тұратын балалар жазғы демалысты қызықты өткізбек.

**Ғазиза ӘБІЛДА**
**«Сыр бойы»**

Фото: Ашық дерекқордан.

# НҰРАТАДА ДҮБІРЛЕГЕН ТОЙ ӨТТІ

**Өзбекстанның Науаи облысында Қазақстан делегациясының қатысуымен Әйтеке бидің 380 жылдық мерейтойы тойланды. Әйтеке би Байбекұлы мен Жалаңтөс баһадүрдің әкесі Сейітқұл жатқан Нұрата кентінде 2008 жылы кесене кешен салынған еді. Қазақстанның әр түкпірінен келген қонақтар мен Өзбекстандағы қандастар баба басына бата оқыды.**

Делегацияны Науаи облысының әкімі қабылдап, игі тілегін арнады, Әйтеке бидің тарихтағы орнына жоғары баға берді. Айта кетейік, Қызылорда облысымен екі арада тығыз байланыс орнату туралы меморандум бар.

Қызылорда облыстық филармониясы мен Қазақстанның басқа да өнерпаздары «Достық сазы» атты концертін тарту етіп, науаилықтарды қуантты. «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, «Томирис» би ансамблі, Ш.Бимбетова, А.Ноғайбаева, М.Сәрсенбаева, халықаралық конкурстардың лауреаттары Б.Төлеубай, М.Сүгірбай, жас айтыскер әрі жыршы Б.Орынбасар, әнші А.Табынбаев, Б.Қарғабаев, С.Тасбергенова өнер көрсетіп, көрермендердің ерекше құрмет-қошеметіне бөленді.

Кеше кешкілік Науаиде өткен Әйтеке бидің 380 жылдығына арналған халықаралық айтыста бас жүлдені Мұхтар Ниязов иеленгені туралы қуанышты жаңалық жетті.

Жыр додасында он ақын, Қазақстаннан алты ақын айтысты. Қарақалпақстан, Қырғызстан, Моңғолиядан, Өзбекстаннан ақындар бақ сынады.

Айта кетейік, осы дүбірлі додаға тағы бір жерлесіміз Нұрмат Мансұров та қатысты.

**«СБ» ақпарат**

# «ШЕШІМ» КІТАБЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

**«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалында ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР Журналистер Академиясының «Алтын жұлдыз» иегері Қаршыға Есімсейітованың «Шешім» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.**

Жиынға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Баймырза Қожамберлиев, эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатыров, ардагер ұстаз Ділдахан Торғаева, жазушы Несібелі Рахмет, «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, облыстық «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Ғазиза Әбілда сынды бір шоғыр қаламгерлер қатысты.

Кешті «AMANAT» партиясы облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Алтынбек Жарылқасынов жүргізіп, кітап авторының өңір руханиятының өркендеуінде өзіндік үлесі бар екенін атап өтті.

Жиынға қатысушылар қаламгердің шығармашылығы, қоғамдағы азаматтық белсенділігі туралы әңгімелеп, облыстық телевизия саласында өткерген журналистік қызметінде айшықты қолтаңбасын қалдырғанын айтты. Кеш қонақтары жаңа туындының тұсауын кесіп, қалам иесіне шығармашылық табыс тіледі. Өз кезегінде кітап авторы қуанышын бөліскен қаламдастарына алғысын білдірді.

Іс-шара аясында ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттауға арналған «Өлеңмен өрілген өмір» атты көшпелі кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға таныстырылды.

**«СБ» ақпарат**

**ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ТУҒАНЫНА 380 ЖЫЛ**

Журналистік өмір мені қай қиырға, қай ортаға апармады дейсіз?! Баламен бала болдым, жасөспірімдердің сырын тыңдадым. Есейдім, үлкендермен иық тіресіп, өмір, қоғам жайлы ой бөлістім. Әскер қатарындағы сарбазбен бірге жаттығу алаңдарында болдым, ел асып, сырт мемлекеттерге сапар шектім. Ел басшыларымен сұхбаттастым. Қысқасы, қоғамдық өмірдің барлық саласында қалам тарттым. Солармен, кейіпкерлерімен бірге өмір сүрдім. Екі қоғамның ортасындағы өліара шақты да бастан кештім. Санама сіңген қоғамдық формациядан өтіп, тәуелсіз елге айналған мемлекетіміздің алғашқы тәй-тәй басқан қадамдарына куә болдым. Жан дүниеңді, сеніміңді өзгерту қиын екен. Өң мен түстің ортасында жүріп, өмірімнің мәні болған журналистік мамандығымды жалғастыра бердім. Өзім де мәнді түсіне алмай жүріп, өзгеге нақты түсіндіре алу үшін барымды салдым, іздендім. Міне, осылай жан дүнием қайта жаңғырып, түледі. Ата-бабадан қалған асыл қасиет сөзі мен жолын бағдаршамдай ұстандым.

# ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ДАНАЛЫҚ ЖОЛЫ

Алматыдан туған жерге, Сыр еліне оралдым. Кеуде сарайым ашылып жүре берді. Ел тарихы, адамдар тағдыры, туған жердің ашылмаған сырлары мені елітіп, өзіне тарта түсті. Тарих тұңғиығына ендім де кеттім.

«Өткенді білмей, келешекті бағамдай алмайсың» дегендей, тарих қойнауына енген сайын тынысым ашыла берді. «Қорқыт», «Таңбалы тас», «Жанкент», «Шірік Рабат», «Өзгент», «Кердері», «Сығанақ» сияқты тарихи көмбелердің көзін ашу маңызды жұмысыма айналды. Тіпті әріптестерім «Өшкенді жағып, өліні тірілтіп жүрсің бе, одан не табасың?» дейтін кәдімгідей таңданып.

Сондай бір ізденіс кезінде көрші Өзбекстан еліне сапар шектім. Қасымда режиссер Айтмұхамед Байділдаев, телеоператор Нұрлыбек Шахметов бар. Бұл мен үшін ғана емес, қазақ халқы үшін маңызы зор іссапар болды. Бұл жайлы кезінде бірнеше деректі фильм түсірдім. Тақырыпты зерттеп қана қоймай, оның нәтижелі болуы үшін Өзбекстанға 9 рет сапар шегіппін. Бұл Кіші жүздің биі Әйтеке Бәйбекұлының ұлттық тарихымыздағы алатын орны орасан зор екенін дәлелдеген, оның туған жылы, қайтыс болған жері белгісіз күйде қала бермеуіне алғаш түрен салған іссапар нәтижесі еді.

2006 жыл. Қараша айы. Қызылордадан Шымкент қаласы арқылы Өзбекстанға қарай жолға шықтық. Мақсатымыз – қазақ халқының ардақты ұлы Жалаңтөс баһадүрдің 430 жылдығына орай Самарқан қаласында деректі фильм түсіру. Әуелі Ташкент қаласында Сыртқы істер министрлігінің «Жаһон» агенттігінде аккредитациядан өткен соң, ертеңіне Самарқанға бет түзедік.

Түркі мәдениетінің тарихында өзіндік орны бар, қазақ халқының ұлттық батыры әрі қолбасшысы Жалаңтөс баһадүрдің өмірі, әскери іс-қимыл әрекеттері және ортағасырлық архитектуралық сәулет өнеріне қосқан үлесі туралы бүгінгі ұрпақ, қалың қауым біле бермес. Алайда Самарқанды 30 жылдай билеген, өз дәуірінде алыс-жақын елдерге даңқы жеткен батыр, ержүрек қолбасшы, ақылды ел билеген әмір болғаны белгілі.

Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы – 1576-1656 жылдары өмір сүрген қазақ халқының ұлттық батырларының әрі қолбасшыларының бірі. XVII-XVIII ғасырда өмір сүрген Әйтеке бидің үлкен атасы.

Тарихқа жүгінсек, 1581 жылы Сырдарияның төменгі ағысынан Шығай хан мен Жалаңтөс баһадүрдің әкесі Сейітқұл әулие төртқара руының бір бөлігін бастап, Өзбекстанның Бұқара облысындағы Нұрата тауының етегіне қоныс аударған. Жастайынан елді басқару ісіне араласып, дарынды, батырлық қасиеттерімен халыққа танылa бастаған. Жалаңтөс ханның маңайына қызметке ілігеді. Осы сапарда баһадүр жайлы 4 деректі фильм түсірілді.

Ендігі әңгіме арнайы мақсат орындалған соң, Әйтеке би жайлы деректер жинау үшін Науаи облысына барған сапар жайлы болмақ. Самарқаннан шығып, 250 шақырымдай жол жүріп, керемет сұлу қалаға келдік. Экономикасы қарыштап дамығаны көзге түседі. Бірден облыстық хакиматына бардық. Облыс хакімінің тұрғындарды қабылдау уақыты екен. Орынбасарына кірдік. Әңгіменің ауанын түсінген ол кісі бізді Науаи мемлекеттік институтының ректоры Холбай Ибрагимовке жіберді. Бізді жылы қарсы алған ол Жалаңтөс баһадүр мен Әйтеке биді зерттеп, фильм түсіріп жүргенімізге әрі таңданысын, әрі қуанышын білдірді. Тарих ғылымының докторы, профессор Сүлейман Инаятовпен жолықтық. Мұнда қазақ тілі бөлімі де бар екен. Қазақ



*Фото: Ашық дерекқоздан.*

халқының үш биі – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің суреттерін іліп қойыпты. Бірақ орындарын ауыстырып алыпты. Мен ретін айтып, жөндетіп кеттім.

Біз тарихшы Фарида Палуанованы ертіп, Сүлейман Инаятовтың айтуымен Науаидан 30 шақырым жердегі Кинемех ауданына қарай жолға шықтық. Мұнда Әлім руының ұрпақтары тұрады екен. Әлібек Сәрсенбаев деген ақсақалға жолығып, Әйтеке бидің Жалаңтөс баһадүрден шамамен 50 жас кіші екенін білдік. Сонан кейін 70 шақырым жол жүріп, Нұрата ауданына келдік. Міне, осы жерден Әлібек ақсақалдың сілтеуімен кіші жүздің биі Әйтекенің бейітінің орнын таптық. Әлібек ақсақал айтып еді: «Сейітқұл әулиенің маңында інілері, жақындары жерленген. Ал балалары, немерелері аяқ жағына қойылған. Әйтеке би Сейітқұл әулиенің аяқ жағында жатыр».

Шынында да Әлібек ақсақал дәл айтыпты. Әлдекімдер Сейітқұл әулиенің және жанындағы өзге бейіт орнына белгі тұрғызып кетіпті. Әйтекенің бейіті деп, оны да камераға түсіріп алдық. Ал біз «Әлімнің ұрпағымын» деген Әлібек ақсақалдың бабаларынан естігені бойынша аяқ жағында жатқан бейіт орнын Әйтеке би зираты екеніне шүбәсіз сендік. Өйткені, «басында кішкене тас белгі бар» деген еді Әлібек ақсақал.

Міне, осылайша Нұратаны айналып, Науаиға соқпай, тағы да 100 шақырым айналма жол қосып, түнделетіп Самарқанға жеттік. Таң ата күмбезді қаламен қоштасып, Ташкентке бет түзедік. Сұлу да көркем Ташкент қаласының ғажайып көрінісін телемұнара үстінен тамашаладық. Кешқұрым шекарадан өтіп, елге қарай бет алдық.

Сыр еліне олжалы оралдық. Сол кездегі облыс әкімі Икрам Адырбеков мені қабылдап, телеэкспедицияның жұмыс нәтижесімен танысты. «Әйтеке бидің жатқан жерін нақты айтқан Әлібек ақсақалға сіздің атыңыздан уәде беріп келдім» дедім. Басына кесене орнату жөнінде. Әкім ойланып отырып:

– Аумағы қанша болады? – деп сұрады.

– Туған-туыстарын қосып есептегенде көлемді жер, – дедім.

– Сейітқұл әулие мен Әйтеке биге ортақ бір кесене салуға болады, – деді Икрам Адырбеков ойланып.

Араға екі жыл салып, Нұратаға тағы да жолымыз түсті.

«Әйтеке бидің қайраткерлігін ірілендіре түсетін бір қасиеті қазақ қауымын ілгері бастыруға кедергі келтірер кертартпа үрдістерге батыл қарсы шықты. Әсіресе, «Өзінді өзің басқарып, тұтас ел бол, көрші елдермен татуласып, тіл табыса алатын мәмілегерлікке де қатты мән бер» деп өсиет қалдырды.

Әйтеке бидің армандаған ел бірлігі бүгінде ақиқатқа айналды.

Осы кесененің салынып бітуіне ізгілікпен қол ұшын берген көршілес Өзбекстандағы сол кездегі Қазақстанның төтенше және өкілетті елшісі Зауытбек Тұрысбековтің еңбегі зор. Екі елдің зиялы қауымын түсіністікпен бірлікке бастай білген елшіні Атымтай Жомарт атанған Әйтеке би ұрпақтары мен Өзбекстанның ықпалды азаматтары іліп әкетіп, қолдап, қазақтың қадірлі үш биінің бірі Әйтекенің, әкесі Байбектің, атасы Сейтқұл әулиенің, бабасы Тоқпанның басына үлкен кесене орнатуы бүкіл қазақ халқының құрметін осы 7 азаматтың иығымен көтеруі деп білеміз. Солардың бірі бидің ұрпағы, кәсіпкер, меценат Шахарбек Усманов еді. Кесенені салуға өзбек ағайындар да белсене араласты. Нұрата мрамор зауытының директоры Шадыбай Хожи Фозилов, Науаи облысының бас имам хатиби Саййид Хожи Насриддин Эшонбобоұлының Қазақстаннан барған Әйтеке бидің ұрпақтарына деген ықыласы зор болды. Кесене Нұрата ауданы орталығының іргесінде салынған. Әсем безендірілген, алдында 136 метр тереңдіктен қазылып, су шыққан ұңғыма тұр. Сол кезде келешекте бұл жерге гүлзар бақ егіліп, келушілерге арналып қонақжай, мешіт, музей салынатынын Шадыбай Хожи Фозилов әңгіме арасында айтқан еді. Кейін бұл шындыққа айналды.

Өзбекстан жерінде көптен күткен құрылыс салынып бітті. Араға үш ғасыр салып Әйтеке Бәйбекұлы мен Сейітқұл баба басына орнатылған алып кесене бүгінгі ұрпақтарының қасиетті бабалар рухына тағзым етіп орнатқан келешекке мұрағаты, бүгінге ұлағаты болып қала бермек.

Ашылу салтанаты да естен кетпестей болды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен арнайы делегация келді. Мемлекет қайраткері, жазушы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев, Қазақстанның Өзбекстандағы сол кездегі төтенше және өкілетті елшісі Зауытбек Тұрысбеков, Өзбекстан Мәдениет министрлігінің мәдени мұралар ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры Раушанбек Мансуров, екі республиканың қоғам қайраткерлері қатысты.

Әбіш Кекілбаев ағамыз бабалар рухына тағзым ете тұрып ұлттық мүдде, ел бірлігі, ағайынды екі ел арасындағы ғасырларға жалғанған достық жайлы өрелі ой айтып еді. Кемеңгер ағамыз алыстан болжайды ғой, бір сәтке Әйтеке бабасының үнемі айта беретін ел бірлігі жайлы толғаныстарын бүгінгі ұрпаққа аманаттап тұрғандай әсерде қалдым.

Жиында қоғам қайраткерлері де сөз алды. Сол кездегі облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов пен «Жалаңтөс баһадүр» қорының президенті Ыдырыс Қалиев ағаларымыз да бабаларды ұлықтауда Сыр елінде атқарылып, жүзеге асырылған жұмыстарды ортаға салған еді.

Сондай-ақ Әйтеке бидің тікелей ұрпағы Нәжмадин Мұсабаев пен Ыдырыс Қалиев Жалаңтөс баһадүрдің бейнесі салынған арнайы медаль мен алтын алқа ескерткіш белгісін Әбіш Кекілбаевқа тарту етті.

Бабалар рухына арналып ас берілді. Мәре-сәре болып қауышқан жұрт Нұрата жерінен үлкен рухани күш алып, тоғайып елге бет түзеді.

Ыдырыс Қалиев ағамыз елге келген соң, осы сапар жайында, жергілікті газеттерге мақалалар жазды. Соның бірінде «Біз әдетте осындай үлкен тұлғалар жайлы ірі жазушылар жазады, солар іздеу салады деп ойлаймыз. Сөйтсек, ондай адам қасымызда жүр екен. Ол – Өзбекстанға Жалаңтөс баһадүр жайлы түсірілім жасауға барып, маңдайы жарқырап олжалы оралған, Әйтекенің нақты жатқан жерін тауып қайтқан тележурналист, ақын қызымыз Қаршыға Есімсейітова» деп жазды.

Иә, бұл тарихи жаңалық талай адамның Нұрата тауының етегіне сапар шегуіне, қолына қалам алып, осы істің басы-қасында жүрген кісілер жайлы жазуына түрткі болды.

Жалаңтөс баһадүр жайлы түсірілген бірнеше деректі фильмнен бөлек, Әйтеке бидің мәңгілік мекенін тапқаннан бастап, басына кесене тұрғызу сәттерін қамтитын «Даналық ізімен» атты екі деректі фильм жасадым.

Барлық атқарылған шаралардың қорытындысы ретінде Әйтеке бидің аруағына арналып, Қызылорда облысының атынан 2012 жылдың жазында ас берілді. Оған Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің зиялы қауымының үлкен делегациялары қатысты.

Онан кейін де облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастырумен аудандағы, қаладағы ардагерлер ұйымдарымен бірлесіп, Өзбекстандағы Әйтеке би жатқан Нұрата ауданында бірнеше рет іссапармен болдық.

Өз заманында Әйтеке би бабамыз «Бақ дегеніміз – ұшқан құстай, таң дегеніміз – көрген түстей, байлық дегеніміз – қолдағы мұздай, ал мәңгілікке қалатын адал іс» деген екен.

Әйтеке бидің 380 жылдығы аталып өтіп жатқан осы тұста қазақтың ар-абыройындай алтын діңгектері болған үш биіміздің бірі – Әйтеке бидің Өзбекстан жерінде, Нұрата тауының етегінде жатқан мәңгілік мекенін тауып, тарихқа таңбалауына үлес қосқанымды мақтан тұтамын.

Тұран жұртының, оның ішінде қазақтың іргесі бекіп, егемен ел болу жолындағы күресінде Тәуке хан бастаған алты бидің бірі – Әйтеке бидің ел бірлігі жолындағы ұстанымы ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бергей.

**Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын,**
**Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі**

# ҚҰДАЙ ҚОСҚАН

(әңгіме)

*Фото: Ашық дерекқоздан.*

Дария жағасы. Айнала шүйгінді аумақ. Өзен буған көктемде толып, күзде біразы тартылатын көлдер. Жағалауда малшы ауылы. Қатар тігілген бес-алты жұпынылау қараша үй. Қыр бетте қарақұрым жыңғыл. Қозыкөш жерден соң басталатын ала шабыр. Жыңғыл арагідік, жаппай майда шырпылы сексеуіл. Тағы ілгерілегесін алаңсыз сексеуіл. Адам ізі түспегендей қалың, бұталар жуандығы тал қалыңдығымен бәске түскендей, биіктігі құлаш жарымнан асатын ала-сұр, арасынан мал мен жан өте алмайтын жиі, тығыз өскен діңі қатты өсімдік. Қыста шаруалар біраз күн көрінбеген бойдақ малын іздегенде осы қалың, жапырақтары шала түскен майда бұтақтары ат құйрығынан аумай қалған сексеуіл арасынан табады. Айнала қалың қар, сексеуіл асты малдың оты, жер бетінде жылдар бойы түсіп, тапталып қалған, жатқан малға жылы, қураған шөп қабаты, биік, жиі бұта арасы қораға бергісіз ық. Содан болар жайылымнан келмей қалған мал екі-үш күн жатады осында, отын оттап, шөлдегенде қар жалап.

Қай жыл мезгілі болмасын өзінше мәнді, сәнді ғой. Әйткенмен, жаймашуақ жаздың орны ерек. Әсіресе, соғыс аяқталғанынан екі-үш жыл ғана өткен осы күндері. Елде қайбір жетіскен ахуал? Жұрт жағдайы мәлім. Киім жамаулы. Аяқта шұлық пен кебіс, қыста көбінесе керзі етік, жылыда біреулерінде брезент туфли көрініп қалар. Балалар киетіні қара сәтен шалбар, үстінде ол да аналары тігіп берген шәтләңке көйлек. Тойып тамақ ішу күнде емес. Көлтабанға қауын, қарбыз салады. Ұйымдасып тары себеді, жүгері өсіреді. Бидай баптауға дағдыланбаған. Күріш күтеді суы тілек жерде. Онымен күрмек бірге жүреді екен. Сөйтіп, сәл қышқыл, бірақ тәтті, қоңыр күрмек наны да жатады дастарқанда аппақ жүгері күлшесімен бірге. Бидай сары наны анда-санда.

Ауыл үлкені Қайырбек. Сәдібек екеуі совхоздың жүз шақты ірі қара малының қараушылары, иелері. Қалған үш-төрт үй соларды қара тұтып, жайлауда отыр. Қыс-қыстауы да бірге. Ол көш жерде. Темір пешті қақыра үйлер. Пешке бұталған жыңғыл толтырады. Үй іші аласа, от гүрілдеп жанысымен әп-сәтте-ақ жылып сала береді суықта. Жыңғылды балалар шауып, дестелеп жинап, жіппен байлап, ауыл шетінен арқалап, болмаса есекке артып әкеледі.

Балалар қозы-лақ пен бұзауға қарайды, жиде мәуесін тереді, қармақ салады. Көл мен өзекте торта мен қызылқанат мол. Жаңа ұсталған балықты тазалап, табаға салып, астына шоқ, үстіне от жағып пісіргенде дәмі бөлек. Мәуе тамыз ортасында піседі қоңыр-көк болып, үлкендері қойдың құмалағындай. Жаз ортасында жетілетін шырмауық собығының дәмі де тәтті. Бір жағы сүт татиды ма, қалай? Бұзау қуып, қозы-лақ аңдыған балалар собықты аршып жеп, қарнын көншітеді. Төбешікті құмшауытта өсетін қәренейді қазады. Оның тамыры саусақ қалыңдығына жете қаба, ұзындығы қарыстай, дәмі де келісті. Тәттінің қасында ащысы жүреді дегендей кәреней маңында қаптаған жабайы жуа. Кәренейге тойған бала жуа сабағымен қоса шынашақ басындай түбін де тазалап, ашшылайды. Жарытып киім кимейтін сол бала күз салқынына шыдамды, тұмауға төзімді. Болмаса сол кездегі тұмау қауқары нашар әлде бұл құмда өскен кәреней, жуа және шырмауық собығының күші ме екен?

Қайырбек әйелі Ырысжан екеуі мал жайлап жүр. Үйде бесіктегі нәресте, үйелмелі-сүйелмелі екі апасы, біреуі алтыда, екіншісі үште. Олар жас балаға жөнді қарай алсын ба, көрші үйден Әділбектің жылаған даусы келді Күнімжан құлағына. Сол мезетте ол кішкентайын емізіп отыр еді. Аяп кетті. Өз балапаны тойып, маужырап ұйқыға бет ала бастады. Баппен үрпін аузынан суырып, бесік жапқышын аударды. Көрші үйге бет алды. Бала жылауын үдетіпті. Аузына емшегін салып еді, кенедей жабысып, суырып барады. Екпіні қатты. Мынауың жігерлі, мықты азамат болатын түрі бар ғой деп ойлады Күнімжан. Бала қоятын емес. Мейірлене екінші емшегін салды аузына. Оны да тауыса, тоттағаны болар және алдында біраз жылап шаршағаны бар, бұл да бірден ұйқыға ойысты. Күнімжан үйіне келді. Бұдан кейін де нәрестені емізгені есінде. Сол баланы емізгісі келіп тұрады.

Әділбек қазір үш жасар. Мысығымен киіз үй көлеңкесінде ойнап жүр. Ол алдына түсті. Бұл ере берді. Басын көтеріп еді, әріректен оның ала құйрығы бұлаң етті. Жүгіруге айналды. Бірақ, жеткізер емес. Мүлде көрінбей кетті. Бала да тоқтамады. Үйден шығып кеткеніне бие сауым уақыт болыпты. Күн зауалы ауса да шілде болған соң әлі қапырық. Бала қара тер боп дария жағасындағы жалғыз аяқ жолмен келеді. Өзен суы алаңсыз мол, қарқыны да қатты, лайлы толқыны иірімденіп, бұлқына сырылдайды. Жағалаудың тік жары екпінді ағысқа төтеп бере алмай шолп-шолп етіп суға қопарылып түсіп жатқаны.

Мысығын тауып алатынына сенімді. Алайда оны қорқыныш орай бастады жан жоқ далада. Сол-ақ екен, дәл алдында сұр-ала мысығы жатыр көлеңкеде көлденеңдеп. Қорқыныш ойысып қуанышқа ауыса бастады. Күндегі әдетімен қолын жылдам соза түсті. Қолы тиер-тиместе мысығы шар етіп қарғы зыта жөнелді. Мұның алақанында тырнағының ізі қалды. Қан тамшылаған саусағының ауырғандығынан емес, бұрын-соңды естімеген ала бөтен қатқыл дыбыстан шошып, бала қарсы жақты бетке ала зытты. Сол сәтте күмп еткен дыбыс та жетті. Ол оны қайдан түсінсін? Мәлін еді дарияға сүңгіген. Су бетіне көріне үстіне құлап келе жатқан жарды көрді. Қайта сүңгіді. Пісуі жеткен жар бөлігі мәлін салмағын көтере алмай құлағаны сол еді. Қас-қағым сәтте шамасы түйе аумағына орайлас жар бөлігі жағамен жігі ашылып, бір-екі борыққа ғана ілініп тұрған. Жаңа мәліннің Әділбектен үркіп шығысқа ұмтылған кез сонымен дәл кепті. Шықпа жаным шықпа деп үзілмекші болып тұрған борық мәлін екпініне төтеп бере алмады. Жыртқыш қайта су бетінен көрініп жағалауға жармасып, шетте өскен талдың сойдиып ашылып қалған тамырларына тырнағын батырып лезде жағалауға ытқып шықты. Мұның жаңа дария жаққа баладан қашып атылуы еді. Егер сол сәтте мәлін сырт жақтағы қалың құрақ ішіне ұмтылғанда бала қайда қашар еді?! Әлде мәлін дарияны бетке ұстап жатқан болды ма? Сол маңда жалаңаяқ жол дария ернеуінен бір-екі-ақ адым. Жер-жерден астын кеулеп, үңгіген қарқынды ағыстан суға күмп-күмп құлап жатқан жар топырағы қаншама? Шалт басқан бала аяғы салмағы түгіл, абайсызда қонған құс екпінінен омырылып суға құлаған жардың қатерлі кезеңі еді.

Ырысжан мал жайлап болып үйге кірді. Үйде біреуі тоғыз жасар, екіншісі алтыдағы екі қызы. Кенжесі Әділбек көрінбеді. Жылдам көрші үйлерге кіріп шықты. Бала жоқ. Жүрегі зу ете қалды! Апыл-тапыл калошының сіресін басып Күнімжанға да жетті. Ұлын сұрады. Ол да көрмепті. Көлеңкеде отырған кемпір мана мысығымен ойнап дария жаққа беттегенін айтты. Ырысжан одан сайын зәресі кетіп, зар иледі. Алла сақтай гөр балапанымды деп жалбарынды. Күнімжан екеуі дария жаққа жүгіріп келеді. Жағалаудағы жалғызаяқ жолға да түсті. Сәлден соң алдарынан бірдеңе қарауытты. Жақындай келе олар Әділбекті таныды. «Жаным» деп Ырысжан оны құшақтай көтеріп алды. Бала қара тер. Қолы қан. Түтігіп кеткен. Күндегі әдетіне басып, бірден ана омырауына жармасты. Ол да тартынған жоқ. Қайтсін, кенжесі ғой, осы күнге дейін емізеді. Жандарынан бір-екі адым жерде толқынды сырылмен ағып жатқан дарияның қарқынды екпіні сезіледі. «Оу, Жаратушы Ием, қарғама ұзақ өмір бере гөр, өмір жолын бақытты ете гөр» деп жалбарынып келеді баласын көтеріп Ырысжан. «Менің де тілегім сол Алладан» деп қосарланды Күнімжан.

Сансызбайдың он бір жасар ұлы кешқұрым бес-алты қой-ешкісін дария жағасында жайып жүр. Бір заматта тым-тырыс оттап жатқан малдың опыр-топыр жағалаудан үркіп зытқанын көрді. Шырмауық собығын жеп отырған орнынан жылдам тұрып жағалауға жақындады. Сөйтсе жар опырылыпты, сонымен бірге қой да құлапты дарияға. Анау жерде басы бір көрініп, бірде батып барады. Бала оған көзі жеткенше қарап тұрды. Еңсесі түсіп, малын айдап үйіне келді. Болған істі әкесі естіді. Ашуға мінді. Баланы шыбық астына алды. Ол өкіріп, бақырып жүр. Мұны Ырысжан естіді. Жаны тітіркенді. Мүсәпір баланы аяп кетті. Жүгіріп жетті. Сансызбайдың қолына жармасты.

– Бұл не сұмдық, екі кештің арасында? Қаршадай баланың не жазығы бар, сонша оны шырылдататындай? – деп, зекіді Ырысжан.

– Жазығы қойды суға кетіргені! – деп жауап қайырды Сансызбай.

– Сонда саған бір қой қымбат па, жоқ бала қымбат па?

– Енді қайтейін, сол қой ертең осылардың аузына түсу керек еді!

– Ешнәрсе етпейді, ел-жұрт аман болсын. Алла бұйыртқан күнімізді бірге көреміз, – деп Ырысжан оны тоқтатты.

Осыны байқап отырған, бәрін көргіш, білгіш, сезгіш көрші пысық қара кемпір: «Мына Ырысжанның жүрегі қандай мейірімді, жұмсақ еді-ә? Өзгенің баласын құдды өзініңіндей мүсіркегенін қарашы!» деп, ризашылықпен таңғалды.

Көршілерде бір сиыр, төрт-бес уақ мал ғана. Әрине, бұл олардың күнкөрісіне жетпейді. Содан олар совхоз малынан жаз бойы бір-екі сиыр сауады, оған қоса ешкі мен қой желінін де тартады. Содан болар айран бар, сары май да дастарқанда тұрады күнде болмаса да. Құрт пен ірімшік те жоқ емес.

Мал ішінен жылына он-он бес бас сиыр ғана бұзаулайды. Соны Қайырбек пен Сәдібек бірге отырған көршілерге сауынға береді. Кім білген, олардың да өзара келіспей қалатындары бар. Айтуынша, біреуіне Қайырбек сүттісін беріпті-мыс, екіншісіне жасамыс мосқал сиырды бөліпті. Сөйтіп, осы шағын ауыл ішінде анда-санда мұндай кикілжің әңгімелер туындап қалатын.

Кейде кісіден балалық мінез де көрініп қалады. Балада теріс пиғыл жоқ қой. Ойына не келсе соны айтады. Бұл да сондай болғанға ұқсайды. «Анаған сиыр, маған қашар берді, бізді сыйламағаны ғой Қайырбектің, шамасы» деді Сансызбай, үйінде шай ұрттап отырып. «Қойшы, қай-қайдағыны шығармай, бұйырғаны сол да!» деді әйелі келіспеген сыңаймен. «Құдайы көршіміз, бірге жайлауда отырмыз бірімізге біріміз пана болып, ешкім саған сауын сиыр беруге міндетті емес қой! Соны неге түсінбейсің сен?! Қайта, бергеніне разы болмайсың ба, сен бейбақ!» деп, реніш білдірді әйелі. Ол тоқтайтын емес. «Мен де оған өзге жұрт сияқты кез келген көмегімді аяп қалдым ба? Ендеше, мені неге кем тұтады бұл?» деп қоятын емес.

Дегенмен, Қайырбек оларға басу айтып, ұғындырып, ортақ мәмілеге келтіріп, қажет кезінде сол үйлер иелерін ортақ іске жұмылдырып та отыратын. Сондай әңгімелерден кейін шыққан шатақты басқан Қайырбектің тапқырлығы мен ымырашылдығын байқаған Күнімжан кешке үйінде шай ішіп отырып Сәдібекке былай деді: «Осы қайнағаның мұндай ірілік пен білгірлік көрсетуі жалғыз бұл емес. Мен таңғаламын! Шатаққа ұрынбай, байсалдылықпен барлық мәселені шешу жолдарын бұл кісі қайдан біледі осы?!..»

Кеше перме бастығы келіп кеткен. Отыздардан асқан, соғысқа қатысқан азамат екен. Қайырбекпен сөзге келіп қалды. Келісе алмағандары – малдың жаз жайлауы. Ол осы маңнан үш күндік жерге көшіңдер деп қинады. Қайырбек бұған қарсылық көрсетті. Сәдібек үндемей қалды. Алайда ол да іштей Қайырбек жағында болатын. Бастық мысы басты ма, шатаққа ұрынбай жымы ішінде. Қырға шығындар деп зорлағаны Сырдың жаздықұнгі сона-шыбынынан қорғанғаны екен. Алайда бұған Қайырбек қарсы уәж айтып тоқтатты. «Осы Сыр бойында қаншама ел ірі тұяғы мен қой-ешкісін қолында ұстап күн көріп отыр. Түйе малы болса осы шешіміне көнер едім, біздің алдымызда сиыр, оған сонаның анау айтқан залалы жоқ, одан қорғана да біледі. Ал кешкі маса болса, оның да дауасы бар. Кешқұрым шаңлаққа түтіндік салу. Осыны біз әріден үйреніп, дағдыланып келеміз. Ол жақтың кемшіні тұщы судың тарлығы, аздығы. Мына жаздың аптапты ыстық күндері ащы су ішкен малда не қоң, не маза болады?» деп, жас басшының бетін қайтарды Қайырбек.

Ойлағанын, түйгенін, бет-жүзін бар демей, сонша жігермен өзгені көндіру үшін Қайырбекке қаншалықты білім мен қайсарлық қажет екенін Сәдібек ептеп жобаласа керек. Ол іштей ризашылық сезімге бөленген екен Қайырбек турасында. «Қайнағаның істері мен айтқан сөздеріне қарап тегін кісі еместігін байқауға болатын шығар. Бұл қарапайым адамның қолынан келе бермейтіні анық. Ол кісі ертеде жұртты басқаруға араласқан адамның түріне ұқсайды. Осы уақытқа дейін қай жерде, қандай жұмыс атқарғаны туралы айтып жарытқан емес. Бірақ ол кісінің өзін ұстауы мен сөз қозғауы жөнінде ойлана бастасақ, біраз нәрсені аңғаруға болатын шығар» деді Күнімжан отағасына. Сәдібек құптағандай басын изеді.

Қыс соңындағы жылымықта жақын жердегі көлдерге бет бұрады ауылдың ересек балалары. Мақсаттары қәлима балық аулау. Мұны әкелері үйреткен. Қолдарында темір сүймен, болмаса балта. Көлдерде су онша терең емес. Мұз әлі әжептәуір қалың. Су таяз болғандықтан мұз астындағы балықтар айнадай анық көрінеді. Қозғалыстары баяу, құдды масаң адам жүрісіндей. Олардың тығыз жиналған тұсынан мұз ояды. Сол-ақ екен, шала-жансар балықтар ойыққа өздері ұмтылады. Балалар қиналмай-ақ, тыпырлауға шамасы аз жануарды, дайын тұрған қап ауызына ытқыта береді. Мұздың ойығына алдымен үлкен балықтар ұмтылады. Сонда әлімжеттік жасағаны ма? Әлде, олар да ұрпағым артымда қалсын деп адамзаттай кейінгілерді қорғаштағаны ма? Көлдің бес-алты бұрышынан мұз ойылып ашылғасын, балықтарға жан кіріп, ойық маңына жоламайды. Оның арты көктемге ұласып, мұздың еруімен тынады.

Жылымға ұрынып оншақты бас ірі қара суға кетті. Сол сәтте Қайырбек пен Сәдібек түк те істей алмады. Өйткені, судың қарқыны қатты, шеттегі мұз едәуір қалың, бұлар оны балталап, әуреленіп еді, болмады. Ағыстың қарқыны соншалықты суға кеткен сиырлар жаңа ғана су бетінде көрініп жатыр еді, сәлден соң олар тіпті көрінбей мұз су астына біржола сіңіп жоқ болды. Бұл қыстың аяғы болатын. Қайырбек пен Сәдібектің көңілдері пәс. Бұйырған қоян мен қырғауылдың етін жеп, отбасыларымен тірлік жасап отырған күйлері бар. Бірақ қызылсырағаны анық. Осыны байқаған Қайырбек шешімге келді.

– Оншақты бас сиыр суға кетті, Сәдібек. Оған жауап беретін екеуміз. Құдайына қараған перменің басшысы, шаруашылық мал дәрігері мүмкін оларды актілер. Өйткені, біз қолымыздан келгенді істедік, шамамыз жетпеді. Күнәнің азы не, көбі не, анау семіз өгізшені сойып алып, осы шағын ауыл азық қылып, қызылсырағанымызды басайық, – деді Қайырбек.

– Жаңа тоғыз бас сиыр суға кетті. Оған қалай жауап береміз? Енді мына өгізшені сойып алсақ, ол тамағымыздан өтер ме екен. Жоғары жаққа біреу жеткізсе қайтеміз? – деді Сәдібек.

– Айттым ғой, күнәнің азы не, көбі не деп. Қорықпа, өзім мойнымa аламын! – деп жауап қайтарды Қайырбек.

Жаз ортасында ауылға түсі суық екі қызылжағалы келіп Қайырбекті алып кетті қалаға. Абақтыға жауыпты. Таққан кінәлары өкімет малын талан-таражға салғаны. Содан бері ауыл абыржулы. Кімнен келгені белгісіз. Ауылдан ба, әлде совхоз басшыларынан ба? Қыста суға кеткен сиырлар мұз ерігесін теңкиіп су бетіне шыққан. Соны мал дәрігерінің қатысуымен судан алып, барлығы жабылып көмген еді. Қажет болар деп тек бастарын сақтап қойған. Қайырбектің үстінен совхоздың малын жеп қойды деп қағаз түсіпті тергеу орындарына. Тергеу жүргеніне оншақты күн өткесін ертең сот болады деген хабар жетті ауылға. Қайырбекті сотта аталас қарындасы, білікті заңгер, атбекет Жамал қорғайды екен.

Сол сот кеше өтіпті. Заңгер Жамал ерлепті. «Дарияның алапат буған кезінде сұмдық оғаш мінез көрсеткен табиғаттың жойқын күшіне тап болған малды бар шамасынша құтқаруға ұмтылған бақташылардың қолынан келген шалт қимылдарынан хабарларыңыз бар болар, құрметті сот! Табиғаттың жойқын күшіне адам баласы қашан қарсы тұрып, оны жеңіп еді?! Ж-о-о-қ! Сонда сол суға кеткен сиырлар соңынан бақташылар да суға кетуі керек пе еді? Онда бүгін осы сот алдында кімдер отырар еді айыпталушы ретінде?! Ендеше, малшыны айыптау тіпті орынсыз. Онда бүгін дарияны да айыптап, үкім шығарыңыздар. Әйтпесе, малшылар қолынан бар келгенін жасапты. Олар сол шығын болған малдан өз міндеттерін дұрыс орындамағаннан айырылған жоқ!» деген. Соттың осы салмақты уәжге көнбеске лажы қалмапты.

Күн ыстығы басылып, көлеңке түскен шақта ауыл балалары ойын-асыр салуда. Қызық құшағына оранып, біреулері айқайласып, жұлысып, тартысып та қояды. Тек Әділбек қана өзінше болып жүр. Ойынға қосылмайды. Бұтында трусиі ғана. Төбешіктен асып жоқ болатын арба жолмен өрге дейін шауып барады да, кейін зымырайды. Жүзінде күлкі. Бет-аузынан тер моншақтайды. Үйлерге тақайды да, кері қарай жүгіреді. Арасында бұтын шапаттап қояды. Үй көлеңкесінде көрпеше үстінде шай сораптап отырған қария оларға сүйсіне қарап қояды. Сәлден соң ол өзінен-өзі сөйлеп кетті: «Ау, мына баланың істері жүргені жақсы ырым ғой! Қуанышты мегзеп тұр ғой ол! Әнеукүні осы бала үлкен қатерден аман қалды. Бабадан жеткен сөз бар. Ертеден аңыз қалған. Адам өмірі – Алланың сыны деген. Жаратушы адамды ес біліп, балиғатқа жеткесін сынай бастайды екен. Егер Ұлы Құдіреттің сыны адамға бала кезінде, тіпті балдырған уақытында түсіп жатса, онда оған Алла ықыласы ауғанының белгісі депті бұрынғылар. Кешегідей зор қатерден аман қалған жанға Раббым ұзақ ғұмыр береді деген. Оларға Алланың мәнді болмыс сыйлағанын көріпті бабалар» деп сөзін тарқатты қария. Айтқандай, ертесіне Қайырбек абақтыдан босап, ақталып ауылға жетті.

Қыс қыстау. Күн ашық. Қаңтардың қытымыр аязы. Үйде жеті жасар Әділбек, қасында анасы. Пеште от гүрілдейді. Бала жалаңаяқ, жалаңбас. Әдетте біреу сырнайға үйір, екінші қобызын қалдырмайды, өзге домбырасын күмбірлетеді. Ал тас диірменді сөйлететін Әділбектің анасы. Ешкі тері сыпыраны жайып үстіне астыңғы бетін қойды. Жақсылап сүртіп алды. Үстіңгі бетін де тазалады. Оның бақалағын төменгі беттің шүлдігіне кигізді. Жоғары қалақ шетіндегі шұңқыршаға ағаш тұтқаны бекітті. Уысқа жақын сары бидайды диірмен алқымына құйып, жайлап айналдырды. Бастау қиын, әрине, дәннің шықыры анық естілді, тас қалақ сәл көтерілгендей ме, қалай, қинала, баяу айналады. Бірте-бірте сәл жеңілдеу қозғалғандай, астыңғы бет ернеуінен дән ұнтағы да көріне бастады. Ұнтақ дейтін емес-ау, жарма сияқты ма, ана сол жарманы уысына толтырып, қайтадан диірменге салады. Уыс жармаға жар уыс бидай тағы қосылады. Қалақтың айналуы жылдамдайды. Диірмен дыбысы да өзгеріп, кәдімгідей құлаққа жағымды жеңіл гүріл, тіпті әнге ұқсас үн шыға бастайды ғой екі тас қалақ ортасынан. Сыпырағa мөлдір, майда, ақ сеңке себіле түседі. Міне керемет, сол мәнді ән арқасында диірменнің айналуы да өзгеріп, ана қолынан шыққан үн молшылыққа бастады. Диірмен ән салады. Әр ән ұн сапасы өзгеше. Сол өнерді ана мықты меңгеріпті.

Содан бері қанша әуез құлақ құрышын қандырмады Әділбектің?! Әй, қайдам, ардақты жан ығында жатып, жарығы бар шағын терезеден түскен күн сәулесімен таласып, алтындай жылтылдаған ұн төккен, асыл ана қолынан шыққан диірмен әніне олар қайдан жете қойсын?! Бұрынғы қол диірмен мен казіргі зор диірмендер берекелі үнінен бүгінгі қай әншінің салған әні асып түсер екен? Ондай ән табыла қояр ма екен, сірә?

Бірде, шамасы он бір-он екідегі кезінде диірмен тартып отқан анасы қолындағы тұтқаға жармассын Әділбек. Анасына көмек тигізу ойы ма, әлде диірмен тартып үйренгісі келгені ме? Анасы қолдамады.

– Жан саям менің, қалқам Әділжан! Диірменді мен-ақ тартайын! Сен өскенде ақылыңмен, біліміңмен, өнегеңмен жұртты, жаныңдағыны өзіңе тартып тербет, тәрбиеле, көмектес, игілікке жетеле, балам! Солай болады деп ата-анам аян берген!.. Жаратушы Ием, тілеуімді бере гөр, – деп, жалбарынды анасы.

***

Әділбек жоғары оқу орнын бітіргесін осы мекемеде қызмет атқара бастағанына бес-алты жыл болды. Ұжымды өмірлік тәжірибесі кемшіндеу, көрген-түйгені шамалы, құйқа-терісі тарлау азамат басқарды. Алдына қашан барсаң да түнеріп, құдды бір жері сыздап жатқандай жиырылып отқаны. Өзіне сенімді, болмыс сырына толық жетіп қойғандай сезінетін сияқты. Кімді де болса қолдап, біліміне қарай бағалап, оның ұжымға берер үлесін биіктететіндей мықты қадам жасай алмады. Әділбек те жұрт қатарлы еңбектенді, анау айтқан биік жетістіктерге иелік етпесе де. Іштей өз ісіне риза емесі де анық. Реті келсе өзге жаққа кетіп қалу ниеті де жоқ емес еді. Ылғи қиял үстінде, істері ойдан шығып, сананы көншітуден аулақ. Бүгін де үйге жұмыстан қажыңқырап оралып, сәл тыныстап алайын деп қисайып жатқан. Көзіне өскен ауылы елес берді. Әкесі шықты алдынан.

– Балам, жүзің жабыңқы. Ойындағы болмай жүр ме?

– Жоқ, көке! Бәрі жақсы.

– Түріңнен айналайын, солай болсын! Мол игілік бірден өзі келе салмайды, балам! Сен жастайыңнан білімге құштар болдың. Терең білім алдың. Бабалар жолынан хабарың бар. Шаршамай, ерінбей, шалдықпай жұмыс атқар. Еңбекқорлық саған жат емес. Жұртқа көмектес, ешуақытта қиянат жасама! Мүмкін, адамыңа кезікпей жүрген шығарсың?

– Айтқаныңызды орындаймын, көке!

Әділбек оянып кетті. Жаңағының бәрі түсі екен.

Содан көп уақыт өтпей жаңа басшы келді. Жасы зейнетке жақындаған. Көпті көрген. Түйгені мол. Іскер, жұртпен сөз тапқыш. Ұжымды жұдырықтай айналдырып ширатты. Онымен жұғысып жақындағандар мол жылулық пен игілікті байқағандай. Не сиқыры бар екенін өзі біледі, сол кісімен шамалы тілдескен азамат оған бар сырын төгіп, көңілін айқара ашып, шешілуге алаңсыз дайын тұрады екен. Әділбек те бірнеше мәрте кезігіп пікірлесті. Бүгін басшы арнайы шақырыпты оны кабинетіне.

– Әділбек, сенімен біршама кезігіп, пікірлестім. Саған айтарым бар! Өмірдің бас сұрағы – оң мен теріс арасы. Адам өмірінде осы сұраққа жауап беруі тиіс. Жұрт көп аса жақсыны көргенмен, бұрылып кідірмей, басын төмен салбыратып, әрі қарай өте шығады. Маған не жоқ деп. Көреалмаушылығы да соған дем береді. Ал енді осы абзал емес, өйткені оңды қолдамаған адам теріске біртабан жақындай түседі. Қызғаныштың лас, сатқал шапанын мал қораның күнгей бетіндегі жұқа шомына іліп қойып, қараңғы түнде қойға түспекші келген қасқырды оның сасық, шірік иісінен үркіп, сол маңға жоламайтындай ету керек. Өйткені, жақсы, болымды азаматты қолдамай, оның игілікті істерін көпшіліктен алыстату – күнә, жұртқа жасалған қиянат.

– Аға, мына тұжырымыңызды мен бұрын-соңды естімеппін!

– Шырағым, өзгені сыртынан өсектемей, оның кемшілігін бетіне басып айту – нағыз ер азаматтың ісі. Әрине, алдында ол – өзіне шаң жұқтырмай одырандайды, бірақ шамалы ой-санасы бүтін адам содан кейін ойланады, өз ісін таразылайды, қатесін мойындайды. Осыдан баршасы ұтады.

– Институттағы қадірлі ұстаздарым айтқан сөздер әлі жадымда. Содан бері осындай құнды сөздерді естіп тұрғаным, аға!

– Мұның бәрін мен саған неге ақтарып жатырмын?! Өмірбаяныңа қанықпын. Сенің мықты ерекшелігің бар екен. Ол – мектеп, техникум, институтты тек кілең беске оқуың! Түсінген адамға бұл аз емес. Мұның аржағында алғырлығы мен жоғары қабілетімен қоса азаматтың ел мен жұрт, ағайын, туыс, дос пен өзгенің алдындағы мол жауапкершілігі жатыр. Осы жауапкершілік оны барлық істері мен жұмыстарын асқан ыждағаттылықпен, мол ынтамен атқаруға жұмылдырады, бұл – азаматтың оған жүктелген биік мақсатты барынша терең түсінгендігінің белгісі. Көптен ойымда жүргенді бүгін саған айттым. Бұрын өзгеге сөз етпегенім адамын кезіктірмегенім шығар. Көп адамда жоқ көзінде ұшқын бар! Сәлемдесесің. Қолыңды алады, қолын береді. Көбі көздерінде ұшқын түгіл сәуле пәс. Кейбіреуі қолын ұсынғанмен көзін тайдырып әкетеді. Қолдары өлі балықтың денесіндей. Сен өзгешесің! Оларға ұқсамайсың!

– Аға, мені артық бағалап жіберген жоқсыз ба? Сеніміңізді ақтай алсам болар еді?!

– Ақтайсың! Білімің мен білігің, адалдығың мен ашықтығың, өзгеге жанашырлығың мен еңбекқорлығың қоярда-қоймай орындатады осыны саған.

Естігені төңірегінде Әділбектің өзі де бұрын ойланушы еді. Мұның да санасына жақсыға бас иіп, жаманнан жирену жастайынан сіңген. Бірақ дәл бүгінгідей осы маңызды мәселенің қанығына жеткен емес. Жаңағы айтылғандарға ой-зердесін сүңгітіп, қазбалай түсті. Егер жақсының жақсылығын айту мен оны жұртқа тарату биік мақсат болса, онда азамат бойындағы жарамды мінез бен қабілетті ашу, барынша дамыту не болғаны сонда?! Барын салып, осыған жауап іздеді Әділбек. Көп ойланды, толғанды, дамыл таппады. Ақыры, шешімі көрінгендей болды. Басшыға жолықты. Ойын жайып салды.

– Әділбек, сенімімді ақтадың! Саған түрткі салып едім. Оятайын деп. Солай болды да, Аллаға шүкір. Адам соңына жақсы іс пен із қалдыруға міндетті. Әйтпесе, дүние есігін ашып несі бар, тәйірі?! Осыныңнан таймасаң жұртқа мол жақсылық сыйлайсың! Сол игіліктің мыс-қалдайы болса да менің атыма құйылатын шығар, деп күлді... Әрдайым жолың оңынан тусын, Әділбек, – деді басшы.

***

Оншақты жыл артта қалды. Әділбекке ризашылығын білдіріп, рақмет айтқан азаматтардың қатары қалыңдай түсті. Жақсы сөз жерде жатпайды дегендей Әділбектің атағы жұртқа тарады. Сөйтіп, ел арасында мұның игілікті еңбегінің лайықты орын алып, биік бағаға ие болған кезі еді бұл.

Сәдібек ақсақал мен Күнімжан қария үлкендер көлігіне әлдеқашан мінген, соңындағыларға ақыл-кеңес беруге солайымен мойын бұрған келелі кісілер қазір. Олар кіші ұлы Бөрібайдың қолында. Бүгін қастарында Мейірбек отыр.

– Балам, есіңде болар сендердің бала кездерінде Қайырбек ақсақалмен көршілес, қызметтес болғанымыз, көңіліміз жақын болған. Оған қазір қанша уақыт болды? Өтіп бара жатқан уақыт-ай! Саған тетелес Сағындық атты баласы бар еді. Кіші ұлы одан көп кіші болатын. Аты есімде жоқ. Олардан не хабарың бар, балам, – деді Сәдібек ақсақал.

– Көке, ол кісілерден хабарым бар. Аман-есен. Үлкен ұлымен анда-санда кезігіп қаламын. Кіші ұлының аты Әділбек, ол үлкен жерден білім алып, қаланың іргелі мекемесінің абыройлы, белді азаматы көрінеді. Жұрт айтуынша ол биік бедел мен абыройға ие. Қасында болып, біраз уақыт бірге қызмет жасаған адамдардың пікірінше одан өзгенің көріп, үйренері мол екен, – деді Мейірбек.

– Онда олармен неге қатыспайсың? Балаларың өсіп қалды. Қайырбек ақсақал текті тұқымнан, көргені мол азамат екенін талай сезіп, байқағанбыз. Балалары әкеге тартпай қайда барсын. Ендеше қолың аузыңа жетіп тұрғанда жақсы, болымды азаматтармен қатысып, жақын бол, балам, – деді әкесі. Күнімжан қарияның ойы осы жерде сонау артта қалған заман құшағына еніп те кетті. Қайырбектің кіші ұлын талай емізгені есіне дәл қазір сап ете қалмасы бар ма? Жаңа Әділбек деген атын естігенде жүрегі жылып сала бергенін қарашы! Құдды көп уақыт көрмеген өз баласының хабарын алғандай. Жаңа туғанда көтеріп алған көрші әйелге баланың мінезі ұқсайды екен. Ендеше, сол баланы талай емізген әйелдің еңбегі одан кем болмайтын шығар деп ойлады Күнімжан қария. Жақында бір жиында қарт молда былай деп еді: «Ау, халайық, өзгеге жақсылық жасауды Алла бұйырған! Адамға жақсылық істегенге Ұлы Құдіреттің рақымы жауады деген сөз бар. Осыны естеріңнен шығарма. Қандай жақсылық істеймін деп сұраңдар! Жақсылықтың көкесі – жетім-жесір мен жағдайы төмен, шамасы нашар адамға көрсеткен қайырың! Ананың бұл жалғанда жасайтын зор жақсылығы бар екен. Зәру болғанда өзгенің баласын емізу екен ол. Сол нәресте сүтін емген әйелдің баласы орнына жүреді екен! – деп, молда сөзін түйіндеді.

Мейірбек Сағындықтың үйіне келді. Қайырбек ақсақал осында екен. Шүйіркелесе әңгімелесті екеуі. Кешегіні әбден аңсаған, өткен-кеткенді молынан сұрастырды. Оның бала кезіндегі кейбір қызық қылықтарын есіне салып күліп те алды. «Сәдібек қалай, келін аман ба?» деп, ата-анасын да тәптіштеп сұрап жатыр көзкөрген ақсақал. Осы қарияның атын атамай «қайнаға» деп анасының атайтыны түсті Мейірбектің есіне.

– Әке, мен Әділбек жөнінде хабардармын. Ол інімнің жұртқа істеп жатқан еңбегін естігенмін. Сол ініме жолығып, кеңесер тірліктерім бар еді. Қалада тұрады ғой, көшесін айтасыз ба? – деді Мейірбек.

– Оу, айналайын, онда өзім-ақ сені Әділбектің үйіне ертіп барайын, – деп, жинала бастады. Екеуі тысқа бетеді. Мейірбек көше шетінде тұрған көлік есігін ашпақшы болып алда келе жатқан. Артына көз қиығын салды. Қайырбек баяу келеді. Дарбаза есігінен өте, оң қолымен кеудесін басып, үн шығармастан отыра қалды. Мейірбекті қасына ертіп, кіші ұлы Әділбектің үйіне қарай жасаған соңғы қадамы екен, бұл жалғанда.

Мейірбек ата-анасының үйіне келіп, Қайырбекпен қалай соңғы рет кезіккенін айтып берді. Екеуі де ол кісінің мәңгілікке аттанғанын естіп күйзелді.

– Балам, сенің алдыңнан шығып, кіші ұлын саған ілестіруге ақырғы қайратын салған екен-ау, жарықтық! Сендерді өз ұрпағымен қосып кетіпті ғой! Жақсы адам деген осы шығар. Атананың арманы ұрпағының маңында болымды адамдардың болуы ғой, – деді Күнімжан.

Мейірбек балалары мен қыздарына Әділбек қолынан келген барша көмегін, бұрын-соңды іс-тәжірибесінде мол нәтиже берген игілікті жолдарын пайдалана отыра олардан биік ықпалды өнегесін аямады. Өзгелерге қарағанда өзінің туған бауырласындай болған іні-қарындастарына болмыстағы лайықты орнын табуына мол ықылас-ынтасын төгіп, аударды. Мейірбектің балалары қазір өздеріне лайықты кәсібі бар, жеке қабілетіне сай өмірден тиісті орын алған.

***

Кешелі бері күн ашық. Түнеукүнгі ызғары жоқ. Алдында бір жетідей бұлт басып, құдды шамалы жетістігін көтере алмай малданып, дүни

ЖОБА

## «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 7 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы №7 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8356-11 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен белгіленген су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Сырдария және Шиелі аудандарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Н.Нәлібаев**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «___» _____ № ____ қаулысына
қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «13» қаңтардағы № 7 қаулысына
қосымша

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер

| № | Су объектісінің атауы | Көпшілік демалу орны | Жақын орналасқан елді мекеннің атауы | Орналасқан жері (координаты) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Сырдария өзені | «Қалғандария» демалыс аймағы | Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті | 45°01’34.5»N 64°59’05.0»E |
| 2. | Сырдария өзені | «Мұратбаев» демалыс аймағы | Қармақшы ауданы, Жосалы кенті | 45°28’32.3»N 64°04’54.0»E |
| 3. | Сырдария өзені | «Қашқан су» демалыс аймағы | Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті | 45°59’42.9»N 62°07’24.0»E |
| 4. | Қамбаш көлі | «Аққұмшық» демалыс аймағы | Арал ауданы, Қамыстыбас ауылдық округі | 46°12’41.5»N 61°55’49.0»E |
| 5. | Ханқожа көлі | «Бәйгеқұм» демалыс аймағы | Шиелі ауданы, Бәйгеқұм ауылдық округі | 44°17’39.68»N 66°30’51.01»E |
| | | | | 44°17’47.72»N 66°27’55.55»E |
| 6. | Жібек жолы каналы | «Сыр самалы» демалыс аймағы | Қызылорда қаласы | 44°48’34.34»С 65°30’59.12»В |
| 7. | Сырдария өзені | «Сыр толқыны» демалыс аймағы | Қызылорда қаласы | 44°45’16.64»С 65°32’25.42»В |

Фото: Ашық дерекқордан.

# ТЕҢІЗ бен ДАРИЯ ЖЫРШЫСЫ

## Талантты жерлесіміз, көрнекті жазушы Серік Мүслімұлы Байхоновтың өнегелі өмірі мен шығармашылық жолы хақындағы ой-толғау

Ұмытпасам, сонау кеңестік заманда мінезді қазақы тәрбиедегі жеңгеміз әсем астанадағы А.Чехов атындағы орталық балалар кітапханасының білдей қызметкері болып шықты.

Кешкілік әлетіндегі шай үстінде Серік ағам қасыма жақын келіп, маған оқыс сұрақ қойды.

– Бақытжан, сен осы неше жігітті ұрып, жыға аласың? Кәне, жұдырығыңды көрсетші, – деп маған үлкен күрек тістерін ақсита күлімдей қарағаны бар. Сол қазқалпындағы еш риясыз ағалық көңілімен.

Мен қапелімде не айтарымды білмей қалдым.

Қалжыңқой ағам сосын ілешала бастырмалатып тағы да былай деген еді:

– Орыстың атақты ақыны Сергей Есенинді білетін шығарсың.

– Иә, білем ғой, – дедім. Біле тұрсам да әлдебір үргедектеу көңілмен дегбірім қашып батылсыздана. Қанша дегенмен ауылдан жаңа келген түбіт иек бозбаламын ғой.

– Сол Сергей ақын, мәселен, жолында кездескен екі басбұзар жігітті екі жаққа жаңқа құрлы көрмей, басынан асыра лақтырып тастап жүре береді екен!

...Арада жылдар ақырын жылжып өтіп жатты. Көне Тұран жерінде дамылсыз талай рет дауылдата қара жел де соқты, сансыз жылғалардан дауысы гүрілдеген тасқын емес, жай ғана сылдырап-сырқырай түсіп лайсаң су да ағып жатты, осылайша бір кездегі жағасы жасыл жазиралы оман дария – Сырдария өзені мен Арал теңізі бойындағы тұмса табиғаттың тынысын аптап ыстық та жыл өткен сайын бірте-бірте тарылта бастаған болатын. Мен бұл кездері туған жерім Сыр елінде тұрып, қызмет етіп жүргенмін. Оқта-текте талайлы тағдыр тосыннан тоғыстырып, екеуміз Қызылордада кездесіп қалып жүрдік. Серік ағам ол жылдары республикалық телевизиялық экспедицияларды басқарып «Сал үстіндегі маусым», «Аралға – араша», «Арналарға тіл бітсе» және тағы басқа кітаптарды жазудың қауырт қамында жүр екен ғой кейін білсем. Ол жағын бұл кездесулерде аса ашып та айтпады. Кейін осы аталған кітаптар қазақ жұртының рухани қазынасына айналып, қалың оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Ол алғашқылардың бірі қатарында Арал теңізіне араша сұрап, өзгелер сияқты қымбат курорттарда өткізетін жазғы маусымын бөренеден құрастырылып, қамыс қамдап салған сал үстінде Сырдарияның жоғарғы арынды ағысынан бастап Араллдың құяр сағасына дейін өзіне тән өжеттікпен жүзіп барып, телехабарлар түсіріп, табаны құрғап, тұз басып, күн сайын кеуіп бара жатқан шалажансар арналарға жанұшыра тіл бітіргісі келді.

Осы кездесулерден кейін «Сал үстіндегі маусым» кітабын құмарта оқып шыққан мен сол ыстық әсермен «Паромшы» атты өлең жазған болатынмын. Ол кезінде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Осы өлеңдегі паромшы Айғара ақсақал біздің «Тартоғай» ауылындағы ағаш пароммен арғы және бергі бетке мал-жанды, көлікті өткізіп тұратын халық үшін жаратылған алабөтен мейірімді жан еді және оның бұл жанқиярлық еңбегі түннің бір уағына дейін еш толастамайтын. Өйстіп жүріп Серік ағам ақсақалдың өзі құралыптас жаны жомарт ұлы Дайрабаймен де араларынан қыл өтпес жақын достар болып кеткен-ді. Біздің Сыр өлкесінде дарияны кейде дайра деп те атай береді. Айғара шал мен оман дария Секең екеуміздің ортақ тақырыбымыз, сүйікті кейіпкеріміз болатын. Екі жыл бұрын Жазушылар одағының алдында кездесіп қалған Серік ағам:

– Бақытжан, сенің ана өлеңіңді оқыдым. Ішінде мен де бар екенмін. Жетпіс жылдық мерейтойыма арналған кітапқа кіргізіп жатырмын, – деген еді нұрлы көздері қуаныштан нұр шашып.

Секеңді ең соңғы рет былтыр Абай атындағы опера және балет театрында болып өткен Қазақстан Жазушылар одағының кезекті құрылтайында жолықтырған едім. Бірақ бұл жолы оның көздерінен әдеттегі жарқын шуақты, қулана қарайтын нұрлы жанарларындағы әнтек жалт еткен өткір ұшқынды көре алмағанмын. Жүзі сынық екен. Менің де көңілім қабаржып қалған-ды...

Аузы дуалы әдеби орта айтатын өткен ғасырдың сонау жетпісінші жылдарында «Серік Байхонов «Жалғасым менің – жалғасым» атты тұңғыш повесін он жеті жасында жазған» деп. Ал жиырмаға толар-толмаста оның сол айтулы повесі 1973 жылы аса беделді «Жалын» альманахы жариялаған бәйгеде мәртебесі жоғары жүлделі орынға ие болып, осы альманахта жарық та көрген еді...

Жетпісіңнен енді аса берген және талантың әбден толысқан шағында өзінің қысқа қамшы сабынан оздырмаған жазмышың осылай болып шықты. Қайыркош, Секе, Құлагер-талант, асау толқынды Сырдың әрдайым адал перзенті болып қалған ақеден көңілді абзал аға, жаны жомарт, бауырмал мінезі өзіне ғана бек жарасып тұрар көкшіл теңіз бен оман дарияның текті де «тентек» жыршысы!

...Содан бері де тұп-тура қырық күн өтіпті.

**Бақытжан АБЫЗОВ,**
**ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**
Алматы

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

# ТАЛТҮСТЕ ТИЕЛГЕН ЕСКЕРТКІШ

## «Тағзым» алаңы қалай жаңғыртылды?

Фото: Ашық дерекқордан.

Қызылордадағы «Тағзым» алаңы – өткен тарихымыздағы қанқұйлы соғыстарға, төтенше оқиғалар мен алапат апаттардың зардабын жоюға қатысқан жауынгерлер рухына бас иетін орын. «Мәңгілік алау» мемориалы Жеңіс күні гүл шоқтарына толып кетеді.

Осы мемориалдың артындағы мәрмәрмен қапталған үлкен қабырғада «Ер есімі – ел есінде» деген жазу бар, әріптері алтын түске боялған.

Бұл жазу қай кезде, қалай пайда болды, соны айтқым келеді. 1995 жыл болатын, ол кезде қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінде жұмыс істеп жүргенмін. Наурыз айының басында қала әкімдігінде Жеңістің 50 жылдығына орай жиын өтті. Жиында сол кездегі қала басшысы Ж.Шәріпов «Тағзым» алаңын қайта жаңғырту мен кеңейту туралы шешім шығарылғанын, оған қаражат бөлінгенін, жұмысқа құрылыс компаниялары қатысатынын, ал жалпы жұмыстарды ұйымдастыру мен сапасын қадағалау қалалық коммуналдық шаруашылық бөліміне (бастығы Ж.Оразбаев) жүктелетінін атап өтті. Бөлім бастығының бұйрығымен осы жұмыстарға тікелей жауапты болып бекітілдім.

Сонымен қызу жұмыс басталып кетті, 9 мамыр мерекесіне дейін біту керек. Ол кезде бюджет қаражаты тапшылау, сонда да құрылыс компаниялары аянбай жұмыс істеді. Жұмыс демалыста да тоқтамады, кейде қас қарайғанша жалғаса берді. Жоба бойынша бұрынғы «Мәңгілік алау» стелласы мен Ленин атындағы скверді қосып, аумағын кеңейтіп, асфальт төсеп, жаңадан «Тағзым» алаңы деген атау берілуі көзделген. Соның ішінде скверде тұрған Ленин ескерткішін алып тастап, оның орнына Ауған соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған тақта қою да қаралған.

Сквердегі Ленин ескерткішін алып тастау үшін мердігер компания іске кірісіп жатқан. Сол маңда тұратын байырғы коммунистер көсем ескерткішін алдыртпаймыз деп, айқай-шу шығарып қалалық әкімдікке дейін барған.

Оларға кеңестің дәурені өткені, Ленин енді тек тарихи ескерткіш ретінде музейде тұру керек дегенді түсіндірілгеніне қарамастан, ескерткішті күзетуге шықты. Автокранмен барған жұмысшыларға сес көрсетіп, бөгет жасай берді. Содан қалалық коммуналдық шаруашылық бөлім бастығы Ж.Оразбаев шұғыл тапсырма берді. Демалыс күні түскі уақытта көп дабыра қылмай, 3-4 адам жасақтап, автокранмен барып, тез арада ескерткішті демонтаж жасап, көлікке тиеп, облыстық музей ауласына апарып тастау керек. Содан Ленинді қарауылдаушылар түскі тамаққа кеткен сәтін пайдаланып, тез арада ескерткіштің мойнына трос салдық. Автокранмен ұстап тұрып, тұғырынан сваркамен ажыраттық, көлікке тией салдық. Тез қимылдағанымыз сондай, Ленин атамыздың «сақшылары» білмей қалды. Жарықтық, таза қоладан құйылған Лениннің әжептәуір салмағы бар екен, 3-4 тоннадай-ау шамасы, тиеп алып, облыстық музейдің аумағына әкелдік. Сөйтіп тапсырма у-шусыз орындалды.

Енді «Мәңгілік алаудың» артындағы мәрмәрмен қапталған қабырғаға қандай сөз жазылу керек, соны күттік. Ол да талқыға салынған болу керек. Сол уақытта қолыма қалалық әкімдіктің шешімі шыққан қағаз түсті. Онда Жарылқасын Шәріпов ағамыз «Ер есімі – ел есінде» деген сөздерді маржандай қылып жазып, астына қолын қойыпты. Сол бір парақ қағазды естелік ретінде сақтап жүргенмін, есіме түсіп іздеп едім, таба алмай қалдым. Кейін сол сөздер дайындалып қабырғаға ілінді.

Сонымен «Тағзым» алаңы толықтай жаңаланып, мереке қарсаңында ашылды. Жиналған көпшілік, қала тұрғындары, соғыс ардагерлері алаңның жаңа келбетіне риза болып, алғыс айтты.

«Тағзым» алаңының осындай болып өзгеріп, жаңаруына, өзімнің де қатысым бар болғанына қуанамын, әр 9 мамыр қарсаңында сол кезеңді сағынышпен еске аламын.

**Ералы ЕСІМОВ,**
**зейнеткер,**
Астана

## Жаның болсын жаннатта

Өмірде көңіліме ұялағаны, қазіргі кезде адамның кісілік пайымын, адами болмысын қадірлеп-қастерлеуге бұрынғыға қарағанда өзгеше қарай бастаған сияқтымыз. Сол көзқарас кейде жақсы, ізгі атаулының парқын елемеуге әкеліп соқтырып, үлгі болатын өнегелі өмірі ұмытылып, жадымыздан шығып қалып жатады. Сондықтан ізгілікті насихаттап, өмірден өткен досым Сырымов Нұрылда жайлы қысқаша еске алуды парызым деп санадым.

Нұрылда облыстық санэпидстанция саласында 40 жылға жуық қызмет атқарып, оның 25 жылында басшылық лауазымда болды. Өзінің мінез байлығының және ұжымды басқару қабілетінің арқасында сыйлы, өз саласының шын жанашыры, бір сөзді, қызмет талаптарына асқан жауапкершілікпен қарайтын еді. Қазіргі уақытта онымен дос болып өткізген жылдарды ой таразысына салсам, ұзақ жылдар бойы бірбірімізге сеніп те, сүйеніп те, сырымызды бүкпей шын пейілмен пікірлескен екенбіз. Қысқасын айтқанда, алғашқы таныстықтан бастап өмірінің соңғы сағаттарына дейін арамыздан қыл өтпестей тату, достық қарым-қатынаста болдық.

Нұрылда қай лауазымында болмасын адал, әділ, түзу отырып, тура сөйлеп, ешкімнің алдында бас имей, тиісті дәрежеде дербестік сақтап, қызметінің беделі мен абыройын бәрінен де жоғары қойды. Ол қанша жыл басшылық қызметте болса да, дүние жинауға қызықпады, шамасы, адамның байлығы жиғанында емес, иманында деген қағиданы берік ұстанғаны болуы керек.

Нұрылда 2023 жылы 76 жасында ауыр науқастан қайтыс болды. Бұл қайғылы оқиға барлығымыздың жүрегімізді сыздатты. Шүкіршілік ететініміз, Нұрылданың асыл жары Рашида бүгінде отбасының жарығын жарқыратып, балалары мен немерелерін аялап отыр.

Міне, бүгін балалары әкесінің рухына ас беріп, Құран бағыштап, перзенттік парыздарын өтеп, туыстарының мерейін тасытты. «Жақсы адамның өлген күні болмайды, тек туған күні болады» дегендей, Нұрылда әлі ортамызда жүргендей сезіледі. Алла Тағалам алды-артыңды жарылқап, иман берсін, жаның жаннатта болсын ардақты досым, Нұрылда.

**Еске алушы:**
**досы Қосжан Жәни-Ұлы,**
**ҚР Прокуратурасының Құрметті қызметкері, еңбек ардагері**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

# СУРЕТШІЛЕР СИМПОЗИУМЫ

– Көркемсурет – өнер атаулының ішіндегі көркем де бейнелі руханият қазынасы. Суретші – қоршаған әлем мен шексіз тарихты дәлдікпен бейнелейтін шебер. Әрбір суретшінің, әрбір картинаның өзіндік тарихи мәні, құндылығы бар. Сыр өңірі – қаламына сыр мен сұлулық тұнған талай талантты тұлғаларды дүниеге

1-бет

әкелді. Қазақтың тұңғыш ұлттық драма театрының сахна көркемдеушісі Ләтипа Қожықова, ағайынды Қожахмет пен Құлахмет Қожықовтар, Сахи Романов, Салихитдин Айтбаев қазақ бейнелеу өнерінің дамуына үлес қосып, қайталанбас өнер өрнегімен айрықша із қалдырды. Биыл аймақ басшысының бастамасымен «Руханият жылы» деп жарияланды. Мерейлі жыл аясында тың жобалар жүзеге асырылуда. Аз уақыттың ішінде еліміздің мәдениеті мен өнерін асқақтатуға қызмет ететін «Өнер орталығы», «Жыраулар үйі», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы» сынды мәдени ошақтар бой көтеріп, халыққа мәдени-рухани қызмет көрсетуде. Суретшілер симпозиумы араға бес жыл салып, қайта қолға алынып отыр. Сырдың бас қаласының сәні мен сәулетіне суретшілердің де үлесі зор. Өнер керуені сіздерге тың идея мен шығармашылық шабыт сыйлайтынына сенім білдіремін, – деді аппарат басшысы.

Симпозиумға Өзбекстан, Қырғызстан және республиканың басқа да аймақтарынан барлығы 23 қылқалам шебері қатысты. Қонақтар шара аясында облыс орталығындағы көрнекті жерлерге экскурсия жасап, қала келбетін қылқалам туындыларына арқау етпек.

– Биылғы симпозиумның бағыты өзгеше. Сондықтан суретшілер сапары жемісті болады деп есептеймін. Бүгінгі жобаның негізгі мақсаты – Сыр елінің тарихын, өзіндік ерекшелігін туындысына арқау ету. Бұл өнер қорын байытады. Көркемсурет өнері кенжелеп қалғаны жасырын емес. Ал мұндай қолдаудың болғаны бізді қанаттандырады. Жақында ғана Қазақстан Суретшілер одағының 90 жылдығын атап өттік, 10 мемлекеттен суретшілер қатысты. Жалпы Қазақстан Суретшілер одағы – үлкен ұйым. Қатарымызда мыңнан аса суретші тіркелген. Он бес филиалымыз жұмыс жасайды және жеті жеке ұйыммен меморандум бар. Жас суретшілер талабын жетілдіру жұмысы жүйелі жүргізілуде. Мұндай шара дәстүрлі сипат алса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов.

Симпозиумның қорытынды көрмесі 21 мамыр – Мәдениет қызметкерлері күні «Өнер орталығында» ұйымдастырылады.

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

Облыстық «Сыр бойы» газетінің 95, қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің 30 жылдығына орай «Сыр медиа» ЖШС-ның ұйымдастыруымен Қызылорда қаласындағы мектеп оқушылары арасында «Журналистика – мәні терең мамандық» атты жас ақындар мүшәйрасы өтті. 9-11 сынып оқушылары арасында өткен жыр мүшәйрасының басты мақсаты – ұлт тарихын арқау етіп, елдік пен ерлік дәстүрді, өңірдің оң имиджін насихаттап, ақпарат жаршысына айналған басылымдар мәртебесін көтеру.

# ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ ЖҮЙРІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Студенттер сарайында өткізілген мүшәйраның ашылу салтанатында облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов ақпарат саласының маңыздылығына тоқталып, мұндай іс-шаралар жас таланттардың көпке танылуына ықпал ететінін атап өтті. Сонымен бірге «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Гүлмира Ділдәбекова, «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің редакторы Әзиз Батырбеков қатысушыларға сәттілік тіледі.

Айта кетейік, жыр байқауында жас таланттар «Журналистика – мәні терең мамандық» тақырыбы бойынша жазған өлеңдерімен қатар еркін тақырыптағы туындыларын да ортаға салды. Мүшәйраға 20 оқушының еңбегі қабылданса, іріктеу кезеңінен өткен 11 жас талапкер шығармаларын оқыды. Қатысушыларға «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті әлеуметтік және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Жанар Бимұратқызы, ақын Ақжол Түменбай және «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі, ақын Аружан Оралбай төрелік етті. Жыр мүшәйрасын «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы Айдар Сайлауов жүргізді.

Нәтижесі бойынша бас жүлде Ұлықбек Бектайға бұйырса, I орынды Мерей Қалабай иемденді. II орынға Данияр Құрбанәлі мен Мереке Қуаныш, III орынға Расул Жеткерген, Нұрайна Жүсіпбекова, Талшын Оспан есімді оқушылар лайық деп танылды. Ал өнерімен көзге түскен Ақтай Нұрбек «Көрермен көзайымы» номинациясы бойынша марапатталды. Азамат Қонысбекке, Ботагөз Мұхамбетжанқызы мен Мерей Шәкратқа алғыс хат табысталып, барлық қатысушыларға арнайы сыйлықтарға ие болды.

**Дина БӨКЕБАЙ,**
**«Сыр бойы»**

**МАМАН ҚАЖЕТ**

«Қазалы теміржол ауруханасы» ЖШС жалпы медициналық жұмыс өтілі 10 жылдан асқан, «Невролог (ересек балалар)» міндетті маман сертификаты бар маманды 1,0 штат бірлігіне тұрақты орынға нейроинсульт бөлімінің меңгерушісі қызметіне жұмысқа қабылдауға конкурс жариялайды. Еңбекақысы 10 жыл жұмыс өтілімімен 534783 теңгені құрайды (осы төленетін еңбекақыға қосымша – санаттылығы (бар болса), дәрігердің кезекшілікке тұрғанына және ақылы қызметтен түсірген табыстың пайызы төленеді). Жұмыс өтіліне қарай жалақысы жоғарылайды.

**Байланыс номерлері: қабылдау бөлімі: 8 724 38 21-0-11, кадр маманы: 8 701 899 67 18. Эл. почта: medtranskz@mail.ru.**

# «ЕСІЛДЕ ЖҮРІП, СЫРДЫ ОЙЛАП...»

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада ақын, сатирик, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Өріс Яшүкірқызының 75 жылдығына арналған кездесу кеші өтті. Оған облыстың зиялы қауым өкілдері, шығармашыл топ жетекшілері, ардагерлер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Өріс Яшүкірқызын көзіқарақты қауым ақын, жазушы, сатирик, журналист ретінде жақсы біледі. Төрт жанрды еркін меңгерген оның қай шығармасы да шынайылығымен, тазалығымен тартымды. Әсіресе қазақы бояуға толы кестелі тілі оқырманды жетелеп әкетеді.

Кешті Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, белгілі тележурналист, ақын Қаршыға Есімсейітова жүргізді. Алдымен жиын модераторы қаламгердің шығармашылық жолына тоқталып, автордың көркем сөз өнеріндегі жанкешті еңбегін жоғары бағалады.

Сондай-ақ кеш барысында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов құттықтау сөз сөйлеп, жазушыға облыс әкімінің «Құрмет грамотасын» табыстады. Қазақы дәстүр бойынша иығына шапан жапты.

Айта кетсек, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Баспа және полиграфия ісінің қайраткері» құрмет белгісінің иегері Өріс Яшүкірқызы – журналистикадағы қарымды шығармашылығымен, оның ішінде өлеңдерінен бөлек, юмор-сатирасымен және детектив жанрындағы шығармаларымен де танылған қаламгер. Автордың «Боямасыз өмір», «Сексеуілдің шоғы», «Шенеунікше тактика», «Қараша қаздың қаңқылы» жинақтары кезінде оқырман тарапынан лайықты бағасын алды.

Кеш барысында қаламгердің шығармашылығы мен адами келбеті жайында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Махмұтбай Әміреұлы парасатты ой сабақтады. Бұған қоса, белгілі суретші, «Құрмет» орденінің иегері Амангелді Кененбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесіне сый-сияпат көрсетті.

Сондай-ақ облыстық филармония әншілері мен «Айдарлы» ауылдық «Әжелер» ансамблі әннен шашу шашты. Кеш соңында Ө.Яшүкірқызы жиналған қауымға ризашылығын білдірді.

Іс-шара соңында қатысушыларға «Қазіргі қазақ детективі» тақырыбындағы кітап көрмесі таныстырылды.

**«СБ» ақпарат**

ПОЭЗИЯ КЕШІ

# СЫРШЫЛ АҚЫНҒА АРНАЛДЫ

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінде көрнекті лирик ақын Сағи Жиенбаевтың 90 жылдық мерейтойына арналған поэзия кеші өтті. Іс-шараны қалалық №20 кітапхана ұйымдастырған.

Нәзік жырымен оқырманын елең еткізіп, қазақ әдебиеті әлеміне 60-жылдары келген Сағи Жиенбаев – түрлі тақырыпта жырлаған көрнекті ақын. Оның поэзиясында табиғаттың әсем сұлулығы, әсерлі махаббат, жан сұлулығы, тап-таза сезімдер өрнектеліп суреттелген. Кеште ақынның осындай өлеңдерін колледж студенттері жатқа оқыды.

Қырық жылдық шығармашылық қызметінде Сағи Жиенбаев айрықша ақындығымен танылды. Лирик ақынның «Қарлығаш» атты алғашқы жыржинағы 1959 жылы жарыққа шықты. Шарада қалалық №20 кітапхана кітапханашысы Падиша Шманова оның өмірі мен шығармашылығынан сыр шертті.

– Өкінішке қарай, халқына осындай жыр сыйлаған ақын дәл туған күнінде, 60 жасында дүниеден озды. Соңында қалған оқырманы барда Сағи ақынның сырлы өлеңдері мәңгі өмір сүреді. Сондықтан оның көркем мұрасын жас ұрпаққа насихаттау – баршамыздың парызымыз, – деді ол.

Кеш барысында Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінің студенті Қарақат Әбдікәрім Сағи ақын сүйіп тыңдаған халық әні « Ақеркені» орындады. Сондай-ақ С.Жиенбаевтың өмірі мен шығармашылығынан арнайы видеослайд көрсетіліп, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

**«СБ» ақпарат**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

**Меншік иесі**
СЫР МЕДИА
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 22871** | **Тапсырыс №769** | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**